



ӘСКЕРИ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУЫ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады.

Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қорғаныс ведомствосының былтыр атқарған қызметі туралы есеп берілді.

Мемлекет басшысына армияның жауынгерлік дайындығының жай-күйі мен әскерлерді даярлаудың жана тәсілдері жөнінде баяндалды.

Руслан Жақсылықов мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындау, әлеуметтік және идеологиялық жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ әскери инфрақұрылымды дамыту барысы жайында айтты.

Кездесу соңында Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев министрге армияның жауынгерлік әлеуетін көтеруге, басқару үдерістерін одан әрі цифрландыруға, Арнайы операциялар күштерін дамытуға, әлеуметтік-идеологиялық жұмыстарды күшейтуге қатысты нақты тапсырмалар берді.



ӘЛ-АУҚАТТЫ АРТТЫРУ – БАСТЫ МАҚСАТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-Министр Олжас Бектенов, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Мемлекет басшысы жиын барысында Үкімет жұмысының басты бағыттарын айқындады. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы өртартапандыру, инфрақұрылымды дамыту ісін жана деңгейге көтеру, цифрлық технологияны жан-жақты енгізу, энергетиканы дамыту және ядролық кластер құру, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыру, салық-бюджет саясатын ре-

формалау, маңызды жобаларды қаржы көздерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ әлеуметтік қолдау ісін реттеп, денсаулық сақтау, білім беру және ғылым саласын одан әрі дамыту жөніндегі нақты міндеттер мен жоспарларға тоқталды.

(Жалғасы 2-бетте)

НАРЫҚ

ШЕТЕЛДІК БАНКТЕРГЕ ШЕКАРА АШЫЛАДЫ




Үкімет биыл шетелдік банктердің елде филиал ашуын жеңілдетпек. ДСҰ мүшесі ретінде республика мұны 2020 жылдан бастауға тиіс еді. Тура 5 жыл кешікті. Нарығымызға шетелдік ірі банктер кірсе, ел экономикасына қосымша серпін береді. Бәсекелестік көрігі қызады. Басқа игілігі жетерлік. Дегенмен банкирлер қорқынышын жасырмады: дамыған елдегі бас банкінен өте арзан пайызбен қаржы-капитал алатын филиалымен біздің банктердің терезесі тең бола алмайды екен. Үміт пен үрей жағаласқан жағдай болып тұр.

→ 4

МҰХТАРДЫҢ «ҚОС АҒАШЫ»

Тура осыдан жиырма бес жыл бұрын Мұхтар Мұқанұлы Мағауинге қарата айтқан: «Төрт құбыласы түгел, сегіз қиыры тұтас. Үрімді үрлеп, Қырымды жайлап, «Азаулының Ыстанбұлдан несі кем, Алаштың Мағауиясының Мұхтарының, хан ұлында несі жоқ би ұлынан несі кем!» деп тұрған дер шағы. Ұзағынан сүйіндірсін» деген тілегіміз қабыл болды. Өйткені ол соңғы жиырма бес жылдың ішінде шығармашылықтың қызығына айызын қандыра сусындап, табанынан от шашқан нарқызылдай зар күйіне түсіп, бауырын жаза жазды.

→ 6



БАҒА, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?!

Соңғы айда картоп бағасының республика бойынша шарықтап кетуі тұтас қоғамды алаңдатып тастады. Бұл жайт түйінді көкөністі екінші нанға балайтын халықтың онсыз да жұқарған әмиянын жұқартып, жұртқа ауыр соққаны ақиқат.



Апта бойы БАҚ және әлеуметтік желілерде жарыса жазған картоп айналасындағы дау жайлы Үкіметтен бастап құзырлы министрліктегілер, Парламент пен жергілікті атқарушы органдар да анықтап, түйткілді мәселенің түйінін тарқатып, бағаның неліктен көтерілгенін бағамдап айтып көрді. Сарапшылардың пікіріне сенсек, негізінен алыпсатар делдалдардың кесірінен картоп бағасының құны бір мезетте қатты өскен.

→ 7

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫ ЖҮЙЕЛІ ЖАҢҒЫРТУҒА ЗӘРУ

Еліміздегі электр энергиясын өндіретін 36 кәсіпорын 1 ақпаннан бастап шекті тарифтеріне өзгеріс енгізу үшін Энергетика министрлігіне өтінім берген болатын.



→ 5

АРМЫСЫҢ, «АҚ КЕМЕ»!

Шыңғыс Айтматовтың әйгілі «Ақ кеме» повесі қазақ оқырманына етене таныс. Ал театр шығармадағы кейіпкер образын көрерменге жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.



→ 8

САЯСАТ

30 ҚАҢТАР 2025 | БЕЙСЕНБІ



ӘЛ-АУҚАТТЫ АРТТЫРУ – БАСТЫ МАҚСАТ

(Басы 1-бетте)

БІЗГЕ САПАЛЫ ИНВЕСТИЦИЯ ҚАЖЕТ

Соңғы жылдары Үкіметтің алдына қойылған маңызды әрі жүзеге асуы аядай қажет міндет – экономиканы өртаптаңдыру. Әуелде шикізат сатуға құрылған экономикалық жүйені өзгерту, әрине оңай емес. Десе де, қолайлы инвестициялық ахуал жасау арқылы мүлде жаңа саладағы «ойыншыларды» тартуға болады. Осы орайда Мемлекет басшысы елге инвестиция тарту саласында бірқатар кемшіліктер барын сынға алды.

СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУ ӨЗЕКТІ

Президент инфрақұрылымды дамыту ісін жаңа деңгейге көтеру керектігін де айтты.

«Жыл стансаларындағы апаттар елімізге абырой өпермейді, беделіне нұқсан келтіреді және бұл мемлекеттік қызметшілердің жауапсыздығы мен біліксіздігін көрсетеді. Аймақтарда коммуналдық шаруашылықтағы басшылық орындарда кәсіби мамандар емес, заңгерлер мен басқа да гуманитарлық сала өкілдері отыр», – деп сынады саланы Мемлекет басшысы.

бөлсуге дайын. Бірақ біздің жақ – құлықсыз, оның үстіне батыл шешімдер жоқ. Үкіметке осы шаруамен белсенді айналысып, 1 маусымға қарай жұмыс барысы туралы есеп беруді тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЛОГИСТИКА САЛАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ ЗОР

Мемлекет басшысы транзит – жүк тасымалына қатысты халықаралық бәсекедегі біздің орасан зор артықшылығымыз екенін, мұны толықтай әрі тиімді пайдалануымыз керектігін атап өтті.

– Қазақстан арқылы өтетін теміржол дәлізін дамыту жұмысын тездету қажет. Бұл жоба Транскаспий бағдарының негізгі бөлігі болмақ. Осы бағыттағы маңызды жобалардың біразы қазір жүзеге асырылып жатыр. Алдын ала қамданып, жұмысты тоқтатпай, жағастыра беру керек, – деді Президент.

Сондай-ақ бұдан бөлек, «Мойынты – Қызылжар» бағытында жаңа теміржол құрылысын бастауды, Қызылжар бекетінен Ақтау портына дейінгі күрежолдың қозғалысы аса көп учаскелерін жаңғыртуды, «Алтынқол – Жетіген» теміржолының кеңейтуді тапсырды.

Логистика бойынша Үкімет жұмысының басым бағыттарын да белгілеп берді: атап айтсақ, озық логистика жүйесін енгізу, автокөлік тасымалына арналған «жасыл дәліздің» тиімді қызметін қамтамасыз ету, бұған дейін жоспарланған жолдарды салу және жөндеу жұмысын уақтылы аяқтау, заманауи технологияларды енгізу, қоймаларды автоматтандыру, маршруттарды цифрландыру, көлік

ЖИ ҚОЛДАНУДЫҢ БІРТҰТАС ЖҮЙЕСІН ҚҰРУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қазақстан цифрландыру ісінде, әсіресе мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру жолында едәуір жетістікке жеткенін айтты. Бірақ толыққанды цифрлық экожүйе жасау үшін оның іргесі берік болуға тиістігін, яғни сапалы мәліметтер мен оны қорғайтын сенімді жүйе қажет екенін ескертті.

– Жаппай цифрландыру мемлекеттің азаматтармен және бизнес өкілдерімен қарым-қатынасын айтарлықтай жеңілдетеді. Сондай-ақ бюрократияны және сыбайлас жемқорлық қатерлерін азайтады. Бұл – түсінікті. Алайда таяқтың екі ұшы бар, цифрландыру дамыған сайын алаяқтық көбейіп барады... Қоғамда мемлекеттің азаматтарды кибералайқтардан қорғау үшін қабылдап жатқан шаралары нәтижесіз деген қасаң пікір қалыптасып келеді. Статистика да көңіл көншітпейді. Жыл сайын 20 мыңнан астам интернет-алайық фактісі тіркеледі. Қылмыстың 80 пайызға жуығы әшкереленбейді. Сондықтан Үкімет құқық қорғау органдарымен және қаржы саласын реттеушілермен бірге азаматтардың жеке деректерін қорғауды мейлінше қамтамасыз етуі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Кемелұлы жасанды интеллектті пайдалануға қатысты нақты тапсырма берді.

– Жасанды интеллект технологиясын қарқынды дамыту керек. Жыл соңына дейін оның кейбір тұстарын Электронды үкімет жүйесіне енгізу қажет. Бұл технологияны Smart City жобаларында кеңінен қолдану мәселесіне айрықша назар аударған жөн... Үкімет цифрландыру мен жасанды интеллектті қолданудың біртұтас жүйесін құруға тиіс. Үкіметке мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларға жасанды интеллект технологиясын енгізу жұмысын қолға алуды тапсырамын, – деді Президент.

КАТЕЛІККЕ ЖОЛ ЖОҚ

Президенттің айтуынша, еліміз өзін-өзі электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп, 15-20 пайыз шамасында резерв қалыптастыруға тиіс. Сондықтан алдағы екі жылда кемінде 3 гигаваттық жаңа қуат көздерін іске қосу қажет. Бұл – алдыңғы жылдардағы көрсеткіштен 2 жарым еседей артық меже.

– Энергия тапшылығы артып келеді. Сондықтан алғашқы Атом электр стансының құрылысын тездету қажет. Жалпы, елімізде ядролық кластер құру ісін қолға алу керек. Бұл елімізде болашақта ойдағыдай дамуына қатысты аса маңызды міндет. Үкіметке «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, атом саласын дамытудың ұзақ мерзімге арналған жоспарын әзірлеуді тапсырдым. Нақты нәтиже керек. Жан-жақты талдау жүргізіп, атом электр стансаларын салуға барынша қолайлы жерлерді, сондай-ақ заманауи және қауіпсіз технологияларды анықтау қажет. Үкімет пен Парламент екінші ядролық стансаны қай аймақта салу қажет екені жөнінде маған ұсыныс беруі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан соң Қасым-Жомарт Кемелұлы салық-бюджет саясатын реформалау мәселесіне тоқталды. Бұған дейін кеңейтілген отырыс барысында Премьер-Министр Олжас Бектенов салық саясатының

жаңа бағытын атап өткен болатын. Президент Үкіметтің салық-бюджет жүйесін реформалау туралы ұсынысын мақұлдады, бірақ толыққанды талқылап, әбден пісіру керектігін баса айтты.

– Реформаны міндетті түрде жүргізу керек, ол бойынша еш күмән жоқ. Бірақ ең алдымен қоғамға, жалпы халыққа жақсылап түсіндіру керек қой. Оның бәрін талқылап, ойлану керек. Жалпы, реформа керек деп айтып жатырмын, бұл реформаны мақұлдадым. Енді оны талқылау керек, зерттеу керек. Қазір Салық кодексі жобасы Мәжілісте қаралып жатыр. Бұл жақсы нәтиже, бірақ биыл 2025 жылы Салық кодексіне не болмаса Бюджет кодексіне назар аудару керек. Қателікке жол жоқ. Сондықтан іске кірісіңіздер, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ өз сөзінде Мемлекет басшысы әлеуметтік қолдау ісін реттеп, денсаулық сақтау, білім беру және ғылым саласын одан әрі дамыту қажеттігін алға тартты. Естеріңізде болса, Президент мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларын мейлінше әділ қаржыландыру туралы тапсырма берген болатын. Үкімет бұл жұмысты бастады. Былтыр денсаулық сақтау саласының өзінде 140 миллиардтан астам теңге орынсыз шығын анықталып, тиімді жұмсалды.

– «Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту» ұлттық жобасы аясында екі жылдың ішінде халыққа алғашқы дәрігерлік көмек көрсететін 460 нысан пайдалануға берілді. Тағы 195 нысан жыл соңына дейін салынып бітеді. Ауқымды жұмыс. Алайда көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту жұмысы өте баяу жүріп жатыр. Жоспар бойынша биыл 32 ауруханаға жөндеу жүргізілуге тиіс. Бірақ оның тең жартысының жобалық-сметалық құжаты енді ғана әзірленіп, сараптама жасалып жатыр. Жұмыс созылып кетті. Бұл мекемелерді медициналық құралдармен жабдықтау мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Аталған мәселені дереу шешіңіздер, – деп тапсырма берді Президент.

Биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аяқталады. Барлық аймақта заман талабына сай тірек мектептер желісі құрылып жатыр. Мемлекет басшының тапсырмасы бойынша үш жыл ішінде тағы 1 300 мектеп жаңғыртылған өтеді. Бұдан бөлек, Президент Үкіметке заманауи мектептер салуға қолайлы жағдай жасап, орта білім беру саласына жеке инвестиция тартуы қажеттігін тапсырды.

Президент халықпен кері байланыстың маңызын баса атап өтті.

– Мемлекеттік аппараттың басты міндеті – азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелерді шешу. Ол үшін, ең алдымен, азаматтармен ұдайы байланыста болу керек. Онсыз болмайды. Сондықтан халықтан келіп түсетін өтініштерге айрықша назар аудару қажет, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президенттің сөзінше, ендігі басты мақсат – азаматтардың әл-ауқатын арттыру.

– Алдағы жоспардың бәрін сапалы орындау қажет. Сөз соңында тағы да атап өткім келеді: бізге нақты нәтиже керек. Нәтиже болса ғана даму болады, – деп Мемлекет басшысы сөзін түйіндеді.

Айта кету керек, сондай-ақ аталмыш жиында Премьер-Министр Олжас Бектенов еліміздің өткен кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуы мен Үкіметтің биылға арналған жоспарлары туралы баяндалды. Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин еліміздің фискалдык жүйесін, яғни салық және бюджет саласын реформалауға қатысты ұстанымдарды таныстырды. Ақша-несие саясатына қатысты мәселелер бойынша Ұлттық банк төрағасы Тимур Сұлейменов сөз сөйледі. «Самұрық-Қазына» қорының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов қордың қызметі туралы есеп берді.

Мейір ЖАСЫН



– Инвестициялық жобаларды әзірлеу барысында ведомстваралық үйлестіруге әлі де көп уақыт кетеді. Үкімет басы артық бюрократиядан арылып, жедел жұмыс істеуі керек. Мемлекеттік қызметшілердің құлықсыздығы және жауапкершілік алудан тайсалуды келісу рәсімдері мен шешім қабылдаудың тым ұзаққа созылуына себеп болып отыр. Мұны ашық айтқан абзал. Үкімет инвестиция саласындағы жұмысты күшейтуі қажет. Басқа жол жоқ. Әйтпесе, инвестиция нарығындағы бәсекелестік қызып тұрған кезеңде заман ағымынан кеш қаламыз. Бізге сапалы инвестиция қажет екені анық. Озық технологияға негізделген және сыртқы нарыққа арналған жобаларды едетте шетел инвесторлары ұсынады... Қазір бюджет тапшылығы бар екенін білесіздер. Сондықтан сапалы инвестиция әкелетін жауапкершілігі жоғары инвесторларға қосымша жеңілдіктер беру мәселесін қарастырып жөн, – деді Президент.

Сондай-ақ инвестиция көлемін арттыру үшін нақты тапсырма берілді.

– Үкімет инвесторды іздеуге, қолдауға және қорғауға қатысты жұмыстың бәрін жүйелі жүргізетін біртұтас экожүйе құруы қажет. Бұл жұмыс барлық деңгейде, яғни аймақта, орталықта және шетелде бірдей атқарылуы керек. Осы орайда шетелдік және отандық инвесторларға қатысты ұстаным бірдей болуы қажет. Мемлекеттің қолдауына ие болған компанияларға тиісті талап қойылуы керек. Олар жұмыс орындарын сақтауға, өндірісті жаңғыртуға тиіс. Сонымен бірге экология талаптарын мүлтіксіз орындауға міндетті, – деді Мемлекет басшысы.

Жасанды интеллект технологиясын қарқынды дамыту керек. Жыл соңына дейін оның кейбір тұстарын Электронды үкімет жүйесіне енгізу қажет. Бұл технологияны Smart City жобаларында кеңінен қолдану мәселесіне айрықша назар аударған жөн... Үкімет цифрландыру мен жасанды интеллектті қолданудың біртұтас жүйесін құруға тиіс.

Энергияны, тіршілікке қажетті ресурстарды үнемдеу мақсатында енді елімізде нақты тариф саясаты қолға алынатын сынайы. Бұл жайлы Мемлекет басшысы:

– Энергетикалық және коммуналдық нысандардың жұмысын жаңа стандарттарға жедел түрде көшіру керек. Үкімет жаңа тариф саясатын жүзеге асыруды жалғастыруға тиіс. Тарифтер нарық талаптарына сай болмаса, электр энергиясымен, жылумен және сумен үздіксіз қамтамасыз ету мүмкін емес. ТМД елдерінің бәрінде дерлік электр энергиясының, газдың және мұнай өнімдерінің бағасы Қазақстанға қарағанда қымбат. Бұл экономика балансының бұзылып, шатқаяқтауына әкеп соғады, – деді.

Одан бөлек, Президент елімізде суды үнемдеу саласында заманауи технологияларды енгізуді тапсырды.

– Үлгі етуге болатын жақсы мысалдар бар. Мысалы, дәл осындай ұстаным ай сайын суды үнемдеу мамыр айында мүмкіндік берді. Бұл – аса маңызды. Себебі Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азияда су тапшылығы күшейіп тұр. Сондықтан суды үнемдейтін технологияларды пайдалану мәселесі өте өзекті. Көрші Қытай елінде әлемдік деңгейдегі озық технологиялар бар, олар тәжірибесін

ағынын басқару ісінде жасанды интеллектті қолдану қажеттігін жеткізді.

Сонымен қатар Президент шұғыл атқарылуға тиіс шаруаның тағы бірі – еліміздің аумағында халықаралық әуе хабын құру екенін айтты.

– Ірі әуежайларымызды бәсекеге қабілетті халықаралық хаба айналдыру үшін тез арада батыл шешімдер қабылдау қажет. Алдымызда жүк және жолаушылар терминалдары, логистикалық орталықтары және заманауи сервистері бар толыққанды экожүйе құру міндеті тұр. Жүк тасымалының барлық рәсімін жеңілдетіп, авиаотынға қолжетімді баға қою керек. Авиоәкілеттілік мәселесіне де өзекті. Өйткені біздің әуежайлардағы, атап айтқанда Астана әуежайындағы авиакеросиннің бағасы тым қымбат. Үкімет Бәсекелестікті қорғау ведомствосымен бірге аталған міндетті алғашқы жартыжылдықта орындауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Айтпақшы, шамамен мамыр айында өтетін Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы еліміздің көлік-транзит және логистика әлеуетін дамыту әрі нығайту тақырыбына арналмақ. Өйткені оның стратегиялық маңызы зор. Қазір көлік және логистика саласы халықаралық бизнес ретінде алдыңғы орынға шықты.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат Төрағасы:

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында еліміздің алдағы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты стратегиялық міндеттерді белгілеп берді. Президентіміздің сөзі биліктің барлық тармағы үшін нақты бағдар болып, еліміз жаңғыру, инновация және орнықты даму жолынан айнамайтынын көрсетті.

Дүниежүзі түбегейлі өзгеріске ұшырап жатқан қазіргі уақытта экономикалық дамуға айрықша назар аударылып отыр. Бұл ретте, ең алдымен, экономиканы әртарапандыру және орта буынға жататын көшбасшы компаниялар шоғырын қалыптастыру арқылы өңдеуші өнеркәсіпті дамыту — маңызды міндет.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы жиын барысында экономиканың маңызды салаларына қосымша жеке инвестициялар тарту қажет екенін атап өтті. Осыған байланысты сапалы инвестиция әкелетін жауапкершілігі жоғары инвесторларға қосымша жеңілдіктер беру мәселесі қарастырылады. Сондай-ақ шағын және орта бизнестің дамуына мүмкіндік беретін нәсілеу жұмысын белсенді жүргізу қажет екені айтылды.

Еліміздің көлік-логистикалық инфрақұрылымына қатысты серпінді бастамалар да жарияланды. Осы орайда мультимодальды көлік тораптарын, теміржол дәлізін дамыту және халықаралық әуе хабын құру ауқымды бәсекелестік біздің орасан зор артықшылығымыз болатыны сөзсіз.

Энергетика саласында алдымызда жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыру міндеті тұр. Бұл ретте атом өнеркәсібін белсенді дамытуды жалғастырып, болашақта елімізде ядролық кластер құруға мүмкіндік беретін батыл қадамдар жасау қажеттілігі күн өткен сайын өзекті болып келеді.

Президентіміз атап өткендей, бүгінде цифрландыру және жасанды интеллекті дамыту айрықша мәртебе ие. Алдағы уақытта жасанды интеллект құралдарын мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жұмысында пайдалану басқару процесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру түсетін сөзсіз.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенін дамытуға айрықша назар аудару керек екенін айтты. Фермерлерді жеңілдікпен несиесі беру, көбірек табыс әкелетін дәнді-дақылға көшу және шикізатты сақтау және оны терең өңдеу мүмкіндіктерін арттыру арқылы қолдау ауыл шаруашылығын жаңа өнімділік деңгейіне көтеруге жол ашалады.

Отырыста Президентіміз мемлекеттік аппарат жауапкершілікке және азаматтардың өтініштеріне жедел ден қоюға негізделіп, тиімді жұмыс істеу керек екеніне де тоқталды. Бұл — «Халық

жұмыс орындарын қалыптастыруға мән беріліп, әлеуметтік саладағы маңызды басымдықтар белгіленді.



Қазақстан Парламентінің Сенаты Мемлекет басшысының реформалар бағдарын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін қажетті жұмысты жалғастыра береді. Соның аясында алдағы уақытта бизнес қоғамдастық өкілдерімен және барлық мүдделі тараппен бірге жана Салық және Бюджет кодекстерін әзірлеп, талқылаймыз. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін және ел экономикасының түрлі салаларын дамытуға арналған заңнамалық шараларды жетілдіру бойынша да кешенді іс қолға алынады.

Президентіміз жүктеген міндеттерді сапалы әрі уақтылы іске асыру еліміздің жаңа экономикалық және индустриялық келбетін қалыптастырады. Мемлекет басшысы белгілеп берген басым бағыттардың әрқайсысы азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыру және дамыған, инклюзивті, ашық Қазақстан құру жолында нақты нәтижелерге қол жеткізуді көздейді. Сондықтан осы бағытта белсенді жұмыс жүргізе береміз.

Мұның бәрі елдің ұзақмерзімді ұлттық мүдделерін айшықтайды. Және негізгі міндетіміз — азаматтардың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз етуді шешуге тиіс. Күрделі геосаяси ахуал мен елдегі қиындықтарға қарамастан, Үкімет 2024 жылы экономикада 4,8 пайыз өсімді қамтамасыз еткенін атап өткен жөн. Ауыл шаруашылығы, құрылыс және сауда — он қарқын көрсеткен ең үздік үш сала.

Агроөнеркәсіптік кешеннің жетістігі айқын көрініп тұр. Былтыр мемлекет тарапынан бұл салаға ерекше көңіл бөлінген болатын. Ол өз нәтижесін көрсетіп отыр. 2025 жылы Мемлекет басшысы осы қарқынды күшейтіп, егіс жұмыстарына 700 миллиард тенге бағыттау міндетін қойды. Бұл — рекордтық көрсеткіш. Шаруалар осы сенімді ақтап, Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені дамуын жаңа деңгейге шығалы деп білемін.

Депутаттар Президент берген тапсырмалардың бәрін мұқият зерделеді. Экономиканы әрі қарай жаңғырту аясында Парламенттің алдына бірқатар ауқымды әрі нақты міндет қойылып отыр.

Бірінші. Президент экономиканы дамытуға бағытталған алдағы жұмыс бағдарында айқын және тұрақты заңнамамен қамтамасыз етуге

Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс Төрағасы:

ӨРКЕНДЕУДІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысына бүкіл елдің назары аударылды. Онда мемлекетіміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындыланды. Қазіргі жаһандық үдерістерді ескере отырып, алдымызға жаңа ауқымды міндеттер қойылды.

Президенттің Үкіметке берген тапсырмаларының бәрінде инвестиция тартуға, озық технологияларды енгізуге және барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалардың экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуі үшін батыл әрі ұтымды шешімдер қабылдауына ерекше басымдық беріледі.



Мұның бәрі елдің ұзақмерзімді ұлттық мүдделерін айшықтайды. Және негізгі міндетіміз — азаматтардың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз етуді шешуге тиіс.

Күрделі геосаяси ахуал мен елдегі қиындықтарға қарамастан, Үкімет 2024 жылы экономикада 4,8 пайыз өсімді қамтамасыз еткенін атап өткен жөн. Ауыл шаруашылығы, құрылыс және сауда — он қарқын көрсеткен ең үздік үш сала.

Агроөнеркәсіптік кешеннің жетістігі айқын көрініп тұр. Былтыр мемлекет тарапынан бұл салаға ерекше көңіл бөлінген болатын. Ол өз нәтижесін көрсетіп отыр. 2025 жылы Мемлекет басшысы осы қарқынды күшейтіп, егіс жұмыстарына 700 миллиард тенге бағыттау міндетін қойды. Бұл — рекордтық көрсеткіш. Шаруалар осы сенімді ақтап, Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені дамуын жаңа деңгейге шығалы деп білемін.

Депутаттар Президент берген тапсырмалардың бәрін мұқият зерделеді. Экономиканы әрі қарай жаңғырту аясында Парламенттің алдына бірқатар ауқымды әрі нақты міндет қойылып отыр.

Бірінші. Президент экономиканы дамытуға бағытталған алдағы жұмыс бағдарында айқын және тұрақты заңнамамен қамтамасыз етуге

тағы да назар аударды. Салық және Бюджет кодекстері осы істің басты дінгегі деуге болады.

Қоғамда осы заңдар реттейтін мәселелер ең қызу талқыланып жатқанын біріміз көріп отырмыз. Мұнда оңай шешімдер жоқ, популизмге жол берілмейді, барлық фактор нақты есептеліп, ескерілуге тиіс. Қаржы тапшылығы жүйелі түрде түбегейлі шешілуі қажет. Ал елдің тұрақты алға басыу үшін әлемдегі көшбасшы елдер сияқты жыл сайын дамуға бағытталған бюджеттің көлемін 20 пайыз деңгейінде қамтамасыз етуіміз керек.

Парламентте жана кодекстер бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Салық кодексі жөніндегі жұмыс тобына 300-ден астам адам кірді. Олар — сарапшылар, бизнес қауымдастықтар мен кәсіпкерлік ортаның, мүдделі министрліктердің өкілдері. Әрқайсысының өз көзқарасы бар. Әр отырыс қызу өтіп жатыр. Пікірталас ашық әрі жария түрде жүргізілуде. Президенттің бүгінгі берген тапсырмаларын ескере отырып, депутаттар осы жұмысты күшейте түседі.

Екінші. Депутаттар жуық арада жер қойнауын пайдаланушылар үшін түсінікті және ашық заңнамалық негіз қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайтын болады. Былтыр Президенттің тапсырмасы бойынша бұл бағытта ауқымды жұмыс басталып кетті. Елге ірі шетелдік компаниялар келе бастады. Осы жұмысты жалғастыруымыз керек. Ол дегеніміз — миллиондаған доллар инвестиция және қосымша жұмыс орындары. Бұл салада біздің мемлекетіміздің әлеуеті мол. Бүгінде оған әлемдік алпауыттардың қызығушылығы зор.

Үшінші. Цифрландыру бойынша да заң шығару жұмысын күшейтуіміз қажет. Қазақстан бұл бағытта көш басында келеді. Бірақ босануға болмайды. Қазір осы салада күнделікті өзгерістер болып жатыр. Сондықтан біз цифрлық әлеуетімізді үздіксіз жетілдіріп отыруға тиіспіз.

Мемлекет басшысы Үкімет алдына қойған стратегиялық міндеттерді құқықтық тұрғыда қамтамасыз ету үшін Мәжіліс Цифрлық кодекс пен жасанды интеллект туралы заң жобасын әзірлеп жатыр. Олардың мақсаты — елімізде үздік цифрлық жобаларды ендіру үшін ең прогрессивті орта қалыптастыру. Бұл — құқықтық қатынастардағы жаңа сала. Сол себепті Қазақстанның әлемдік рейтингтерден лайықты орнын табуына барлық мүмкіндігі бар.

Бірақ мәселенің екінші жағы да жоқ емес. Тұрмысымызға цифрландырудың дендеп енуімен қатар киберқылмыстан төнетін қауіп-қатерлер де артауда. Бүгінде бұл түйткілмен барлық ел бетпе-бет келіп

отыр. Біз қазірдің өзінде интернет-платформалардың қызметін заңнамалық тұрғыда реттеуде біраз іс атқардық. Алайда әлі де жұмыс көп екенін көріп отырмыз. Мүдделі мемлекеттік органдар әлемдік тәжірибені ескере отырып, киберкәсіптің дамуына жағдай жасауға тиіс. Депутаттар осы мәселені өз бақылауында ұстайды.

Төртінші. Президент міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін реформалау бойынша заңнамалық шаралар әзірлеуге ерекше мән берді. Кеше Мәжілісте осы мәселеге арналған Үкімет сағаты өтті. Жан-жақты талқылау болды. Іс-шара БАҚ-та кеңінен жарияланды. Депутаттар сайлаушылар атынан көптеген сұрақ қойды. Ол — тарифтер, қызметтердің сапасы, жұмыс регламенттері сияқты бірқатар өзекті мәселе. Сөйтіп, Мәжіліс іргелі ұсыныстар дайындады. Түйткіл аз емес. Олардың бәрі әзірленіп жатқан заң жобасы аясында шешілуі қажет.

Бесінші. Үкіметтің жұмысын жандандыруда өңірлік интеграция жаңа нақты бағытқа айналуы керек. Мемлекет басшысының сындарлы саясатының арқасында Орталық Азия аймағындағы бес елдің ұйысуы ең жоғары деңгейде жүріп жатыр. Бұл барлық салада тың мультипликативті бәсекелестік мүмкіндіктерге жол ашады. Ендігі кезекте Үкімет осы әріптестікті өнеркәсіп, көлік, логистика, агроөнеркәсіптік кешен, IT-сектор және басқа да салаларда нақты мазмұнмен толықтыруы қажет. Біз Президент қалыптастырған дамулық жаңа мүмкіндіктерін барынша пайдалануға тиіспіз. Депутаттар парламенттік дипломатия аясында аталған мәселелерді шешуге атсалысады.

Мемлекет басшысы қазір атом саласын дамытуға айрықша көңіл бөліп отыр. Жаңа атом стансаларын салу нақты аймақтардың ана емес, жалпы мемлекет үшін де дамулық жаңа мүмкіндіктеріне жол ашары анық. Өйткені қолжетімді әрі сенімді қуат көзі бизнес пен өндірістің дамуы үшін берік негіз болмақ. Осы факторларды ескере отырып, депутаттар екінші АЭС-тің салынатын жерін анықтау бойынша өз ұсынысын дайындайды.

Сонымен қатар Президент «AMANAT» партиясының «Әкімдер мектебі» жобасына оң баға берді. Барлық деңгейдегі әкімдердің сайлануы Мемлекет басшысы қолға алған негізгі реформаның біріне айналды. Сайланған әкімдердің сайлаушылар сенімін толық ақтауы, атқарушы билік жүйесінде жұмыс істеуге қажетті құзыретінің болуы өте маңызды. Партия осы міндетті Үкіметпен бірлесіп шешуге дайын.

Жалпы, Қасым-Жомарт Кемелұлы бүгін қоғамды толғандырып отырған ең түйткілді мәселелер бойынша көзқарасымен бөлісті. Бұл — депутаттар мен Үкіметтің бірлескен іс-әрекеті үшін нақты әрі басым бағыттар. Енді уақыт созырмай, бұл жұмысқа білес қосына кірісу керек.

ҚАТАРМЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕРДІ РАТИФИКАЦИЯЛАДЫ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар дене шынықтыру және спорт, сондай-ақ нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Сонымен қатар мәжілісмендер Қатар және Ресей Федерациясымен бірқатар халықаралық келісімді ратификациялады.

Отырысты ашқан Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында экономикалық дамудың бірқатар көрсеткіші бойынша оң серпін бар екенін атап өтіп, алдағы бес жылға арналған жұмыстың басты бағыттарын айқындап бергенін айтты.

— Президенттің барлық тапсырмасының артында, ең алдымен, халықтың тұрмысын жақсарту мақсаты тұрғанын атап өткім келеді. Осыған орай заңнамалық шешімдердің бәрі халықпен тығыз байланыста қабылдануға тиіс. Халықтың пікірі, азаматтардың ерік-қалауы — Мемлекет басшысының саясатының басты өзегі. Сондықтан депутаттар күнделікті жұмыста осы қағидадан үстануымыз керек. Алға қойылған мақсат-міндеттерді іске асыру үшін әр депутат, әр фракция жұмыла жұмыс істеуі қажет, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Палата Спикері ең алдымен, заң мен тәртіпті сақтауға бағытталған шаралар қабылдау қажеттігіне назар аударды. Мәселен, алда қаралатын Цифрлық кодекс жобасы шеңберінде еліміздің тұрақтылығына нұқсан келтіретін жалған ақпараттың таралуына заңнамалық тұрғыдан тосқауыл қойылмақ. Сондай-ақ жасанды интеллекттің енгізу жөніндегі жұмыс жалғасын табады.

Салық реформасы барынша сараланып, байыппен қаралады. Ерлан Қошанов аталған

өзгерістерді барлық қырынан жан-жақты қарастырып, салық саласындағы жағдайды жақсартуға бағытталған салмақты шешім қабылдау қажеттігін ерекше атап өтті.

Сонымен қатар атом электр стансасын салатын орынды анықтау тақырыбы салалық комитет пен Қоғамдық палата отырыстарында сарапшылар мен ғалымдардың қатысуымен талқыланып, соның қорытындысы бойынша конструктивті ұсыныстар әзірленетін болады.

Мәжіліс Қатармен екі халықаралық келісімді ратификациялады: 2024 жылғы 14 ақпанда Доха қаласында жасалған қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету және ұстап беру туралы. Құжаттар жөнінде Бас прокурордың орынбасары Ғалымжан Қойгелдиев баяндама жасады.

— Келісім күдіктілер мен айыпталушылардың кінәсін дәлелдеу үшін процессуалдық әрекеттерді жүргізуді көздейді. Мұндай іс-шараларға — қамаудағы адамдарды уақытша беру, тіпті, қылмыстан түскен табыстарды тәркілеу, банктегі шоттарды анықтау, сараптама жүргізу және басқалар кіреді. Бұл іс-қимылдарды жүргізу механизмі біздің Қылмыстық-процестік кодексте қарастырылған. Егер мұндай әрекеттер Қатар аумағында жүзеге асырылса, онда уағдаластық бойынша біздің құқық қорғау органдарының қызметкерлері оған қаты-



са алады. Келісімде сондай-ақ құқықтық көмек көрсетуден бас тартуға негіздер бар, — деді Ғ.Қойгелдиев.

Екінші келісім қылмыстық құқықбұзушылық жасаған адамдарды ұстап беру тетіктерін құруға бағытталған. Тараптар жасаған қылмысы үшін кемінде бір жыл мерзімге бас бостандығынан айыру немесе одан да қатан жаза көзделген адамдарды сұрау салу бойынша ұстап беруге міндеттелді. Ұстап беруден бас тарту негіздері де қарастырылған.

Жұмыс тобының жетекшісі Нұрсұлтан Байтөлеуовтің қосымша баяндамасында аталған келісімдер құқық қорғау саласындағы Қазақстан-Қатар қатынастарының жаңа кезеңін бастап, келешекте екі ел азаматтарының мүдделерін қорғау тетіктерін сапалы түрде жақсартуы тиіс екенін атап өтті.

Сондай-ақ Мәжіліс Қазақстан мен Ресей үкіметтері арасындағы Қазақстан мен Ресей біртұтас энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісімді ратификациялады. Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев Қазақстан мен Ресей энергожүйелерінің шекарасында ауытқулар ұлғайып, яғни келісілген мемлекетаралық сальдосы +/- 150 МВт көлемінен едәуір асып түскенін хабарлады. Осыған орай Ресей тарабы бірінші энергетикалық жүйелердің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісімді жаңарту мәселесіне бастамашылық еткен.

Сонымен қатар жалпы отырыс барысында Мәжіліс дене шынықтыру және спорт, сондай-ақ нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау

мәселелері туралы заңды екінші оқылымда қабылдап, Сенатқа жолдады. Заң жобасы 2024 жылғы 13 қарашада бірінші оқылымда мақұлданды.

Жұмыс тобының жетекшісі, депутат Нартай Сәрсенғалиев заң жобасын әзірлеу барысында депутаттар оған бірнеше маңызды түзету енгізгенін айтты. Мысалы, спорт түрлерін мемлекеттік қаржыландыру тәсілдері қайта қаралады.

— Заңға жоғары жетістіктер спорты деген түсінік енді, салаға бөлінген мемлекеттің қаржысы енді соларға бағытталады. Жоғары жетістіктер спортына: Олимпиада, Паралимпиада, Сурдоолимпиада, Азия, пара Азия ойындары және ұлттық спорт түрлері кіреді. Бұрын уәкілетті министрлік 180-нен астам спорт түрін тіркеп қойып оның барлығына қаржы беріп келген болса енді олардың саны 3 есеге қысқаралды. Жоғары жетістіктер спортының ішінде жоғары жетістік көрсеткендері үшін басым спорт түрлері деген түсінік енгізіліп, оның басымдықтары да айқын көрсетілді, — деді депутат.

Депутаттар енгізген тағы бір маңызды өзгеріс — легионерлерге мемлекеттің бюджеті есебінен де, квазимемлекеттік сектор бюджеті есебінен де қаржы бөлуге тыйым салатын норма. Енді тек жоғары жетістіктер спорты мен басым спорт түрлерін дамытуға, мемлекеттік ұйымдардың жұмыс істеуіне, бұқаралық спортқа және спорттық инфрақұрылымды дамытуға қаржы бөлінеді.

Сондай-ақ заңда спорт федерацияларын аккредитациялаудың сатылы үлгісін құру қарастырылған. Енді жергілікті аккредиттелген спорт федерацияларының республикалық немесе облыстық спорт федерациясына мүше болуы талап етіледі. Бұл ретте Туризм және спорт министрлігінің жеке құзыреттерін шамадан тыс заңнамалық реттеу нормаларын алып тасталады. Туризм, дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі қағидағдары, максаттары мен міндеттері нақтыланды.

НАРЫҚ

30 ҚАҢТАР 2025 | БЕЙСЕНБІ

Үкімет биыл шетелдік банктердің елде филиал ашуын жеңілдетпек. ДСҰ мүшесі ретінде республика мұны 2020 жылдан бастауға тиіс еді. Тура 5 жыл кешікті. Нарығымызға шетелдік ірі банктер кірсе, ел экономикасына қосымша серпін береді. Бәсекелестік көрігі қызады. Басқа игілігі жетерлік. Дегенмен банкирлер қорқынышын жасырмады: дамыған елдегі бас банкінен өте арзан пайызбен қаржы-капитал алатын филиалымен біздің банктердің терезесі тең бола алмайды екен. Үміт пен үрей жағаласқан жағдай болып тұр.

нарығымызды кең ашу саладағы қордаланған мәселелерді шешуге ықпал ететініне сенімді.

—Шетелдік ірі банктер келіп жатса, олар қазақстандық қаржы жүйесінің тұрақтылығына өзіндік қосымша кепіл болады әрі олардың келуі шетелдік инвесторларға оң сигнал-белгі болады. Бізде шетелдік дегенде бүгінде негізінен, қытайлық, ресейлік банктер. Бір-бірден америкалық, түрік, чех банкі бар. Шетелдік банктер филиал ашқысы келмейтін елдер артта қалған, дамымаған саналады. Керісінше,

де қазақстандық банк институттары саналады және бірі қалмай, бәрі Қазақстанның Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысады.

Мұның бір кесірі бар: шетелдегі бас банк пен оның қазақстандық еншілес банкі арасындағы қаржы айналымы «бір банк ішіндегі капитал ағыны» емес, «банкаралық операция» деп танылады. Салдарынан, бас банктің еншілес ұйымына қарызы Қазақстанның сыртқы борышына кіреді.

Бір жағынан, Қазақстан билігі осы арқылы елге келетін ақша ағынын бақылау рәсімін елеулі жеңілдетті. Екінші жағынан, отандық банктер үшін қарыз ақшаның құнын қымбаттатты. Мысалы, Америкада бір банк өз бөлімшелеріне орта есеппен 2,8%-бен заем береді. Тиісінше, ол банк өзге елде төл филиалымен асса да оған осы пайыздық мөлшерлеменен несие қаражатын ұсына алар еді.

Қазақстан заңнамасы бойынша ұсына алмайды. Өйткені еншілес ұйымы «қазақстандық банк» ретінде тіркелгендіктен, ол шетелдегі бас банктен

құптаған «Кейбір заннамалық актілерге қаржы нарығын дамыту және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы енді шетелдік банктер бөлімшелерінің еркін ашылуына мүмкіндік береді. Бұрынғы үкіметтер қойып келген біраз тосқауыл жойылып жатыр.

—Бұл заннамалық түзетулер Қазақстанда шетелдік банктерді ашу жөніндегі талаптарды ырықтандыруға, сондай-ақ қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлері үшін рұқсат беру рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған. Мемлекет басшысы 2023 жылғы Жолдауында елімізге кемі 3 сенімді шетелдік банкті тарту және банк секторындағы бәсекелестікті арттыру міндетін қойды. Шетелдік банктер филиалы туралы талаптар Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі аясында 2020 жылы белгіленді, — деді қаржылық реттеушінің басшысы.

Қазір еншілес ұйымды немесе филиалды ашу үшін рұқсат беру процесі 2 күрделі кезеңнен тұрады. Біріншісі — рұқсат беру, екіншісі — лицензия алу. Шетелдік инвесторларға арналған талаптарды оңайлату мақсатында шетелдік банкті ашуға рұқсат алу құжаттарының тізбесі қысқартылып отыр. Құжаттар саны шетелдік бас компанияның рейтингіне байланысты болады. Жалпы, құжаттар саны 24-тен банк рейтингіне қарай 17 немесе 8 құжатқа дейін кемітіледі.

Сонымен бірге бұл реформа аясында шетелдік инвесторлардың ауқымды санын тарту үшін филиалдар құру кезінде шетелдік банктің активіне қойылатын талаптар 20 миллиардтан 10 миллиард долларға дейін төмендетіледі. Өйткені 20 миллиардтық активке ие алпауыттар Қазақстанға келуге қызықпай тұр. Орташалары келсе де қуаныш.

Бұдан басқа, шетелдік банктердің филиалдары үшін рұқсат етілген қызмет түрлері кеңейтіледі. Оған шетел валютасын айырбастау операциялары, кастодиандық қызмет, трансфер-агент қызметін жүзеге асыру, синдикалтанған қаржыландыруға қатысу, төлем карталарын шығару сияқты операциялар қосылды. Екінші кезеңде шетелдік банктің банктік лицензия алуға арналған құжаттар тізбесі де 50 құжаттан 7 құжатқа дейін қысқартылады.

Депутат Үнзила Шапақ 20 миллиард доллар деген шектеуді кезінде Әбілкасымова ханымның өзі ұсынғанын еске түсірді. Сол уақытта агенттік «шетелдік банктердің филиалдарын ашуға қойылатын талаптарды 20 миллиард долларға көтеру шетелден келетін ірі қаржы ұйымдарын көбейтеді» деген уәж айтқан болатын.

Мәдина Әбілкасымова мұны растады. Алайда оның мәліметінше, 2020 жылдан бері бірде-бір шетелдік банк Қазақстан нарығына келмеді. Сондықтан Президенттің тапсырмасымен олар бұл тоспаны төмендетіп отыр. Агенттік тәрәйымы олардың енді келерінен үмітті.

—Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін біз бірқатар шетел банкімен кездесіп, келіссөздер жүргіздік. Нәтижесінде, кейбірі өз филиалын Қазақстанда ашуға қызығушылық танытты. Алдымен олардың активін тексердік. Активтері шамамен 10–20 миллиард доллар аралығында. Сондықтан оларды тарту үшін талаптарды заң жүзінде жеңілдетуге ұсыныс жасадық, — деді агенттік тәрәйымы.

Сонда қандай елдің банкіері өлім-шесін ашуы мүмкін? М.Әбілкасымова бірінші кезекте Қазақстанмен тығыз экономикалық қарым-қатынасы жолға қойылған мемлекеттерден дөмелі. Бұлар Азия елдері, араб мемлекеттері, Түркия, Қытай, Еуразиялық одаққа мүше мемлекеттер.

Қазір 3 халықаралық қаржы тобы Қазақстанда банк ашуға шешім қабылдады. Ішіндегі ірісі — Оңтүстік Кореяның BNK Investment Group тобының активтері шамамен 135 миллиард долларды құрайды. Бұл қаржылық топ елімізде үш жыл бұрын микроқаржы ұйымын (МҚҰ) құрған-тың, енді соны банкке айналдырмақ. Агенттік былтыр рұқсат берді.

Қатар елі Berke Bank-ті сатып алды. Ол Qatar Investment Authority деген үлкен холдингі құрамына кірді. Сондай-ақ БАӘ-нің ADCB банкінің Қазақстанда исламдық қаржыландыру операциясын жүргізетін банкі бар. Олар биыл әмбебап операциялар жасайтын банк ашуды жоспарлады.

Қорыта айтқанда, бүгінде Қазақстанның банк секторының бүкіл активі шамамен 113 миллиард долларды құрайды. Дүние-мүлкі 10 миллиард доллардан төмен емес шетелдік банктер нарығымызға келсе, отандық банк секторы күрт іріленіп, жүзіне жана қан жүгірері сөзсіз.

ШЕТЕЛДІК БАНКТЕРГЕ ШЕК АРА АШЫЛАДЫ

А Елдос СЕНБАЙ

**ҚАНАҒАНЫ ЕМЕС,
КОЛДАҒАНЫ ҚАЖЕТ**

Қазақстанда банк секторы шектен тыс «монополияланған». Ұлттық банк дерегіне, 2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша отандық банк секторында 21 екінші деңгейдегі банк қана қалды. Оның 9-ы — шетелдік банктердің филиалы. Яғни, 20,2 миллионнан астам халыққа небәрі 21 банк қызмет етеді. Салыстырсақ, Ұлттық банктің мәліметінше, небәрі 7,3 миллион тұрғыны бар Қырғыз Республикасында 21 коммерциялық банк пен 305 филиалы жұмыс істейді.

Қаржыгерлер отандық банктердің «жатыпшерге» айналып бара жатқанын айтып жүр. Былтыр банктер ұсағы, шағыны, ортасы, ірісі бар, барлық бизнес субъектілеріне 12,6 трлн теңге ғана несие берген. Оның өзінде мемлекеттің кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары аясында бөлінетін триллиондаған бюджет қаржысы банктер арқылы таратылады. Демек, оны банктің ақшасы деп санауға келмейді.

Банктер негізінен халықтың ақшасына байып отырғанға ұқсайды. Ұлттық банктің ресми дерегіне, 2024 жылғы 11 айда банктердің халыққа берген кредиттері 20,3 триллион теңгеге жетті. Сөйтіп, қазір бұқараның банктер алдындағы қарызын әрбір Қазақстан азаматына шақсақ, жана туған сәбиден еңкейген қарияға дейін банктерге

теңгеге жетті. Осы ұшан-теңіз ақша ел экономикасына құйылса, Үкімет шетелден инвестор іздеп сабылмас еді. Қазақстан ірі жобаларға халықаралық қаржы институттарынан несие тартып, борыш батпағына батпас еді. Қаржыгерлердің айтуынша, оның орнына банктер осы мол капиталының бір бөлігіне биржала үнемі қаптып доллар сатып алып, тоқтаусыз теңгеге қарсы ойнайды, девальвацияға дем береді. Қалған қаржыны банктер мемлекеттік құнды қағаздарға, облигацияларға салып, мемлекетті өзіне қарыздар етіп қойды.

**ЕСІН ЖИҒЫЗАР
ЕСКЕРТУ ЖАСАЛДЫ**

Үкіметтің кешегі кеңейтілген отырысындағы сөзінде банк секторына жеке тоқталған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қатты айтты. Мұны Үкімет пен құзырлы органдардың жақын арада назар аударуға тиіс негізгі міндетінің бірі деп айқындады. Мем-

2024 жылғы 11 айда банктердің халыққа берген кредиттері 20,3 триллион теңгеге жетті. Сөйтіп, қазір бұқараның банктер алдындағы қарызын әрбір Қазақстан азаматына шақсақ, жаңа туған сәбиден еңкейген қарияға дейін банктерге 1 миллион теңге қарыз болып шығады

1 миллион теңге қарыз болып шығады және бұл сан қарқынды өсу үстінде.

Ел басшылығы да, депутаттар да банктердің кепілсіз және пайызы жоғары кредиттерімен ел еңсесін езе беруіне тосқауыл қою жолдарын сарыла іздеп, заң қабылдады. Бірақ банкирлер мұны шыбын шаққан құрлы көрер емес. Ұлттық банк мәліметінше, банктердің халыққа тарататын қарызының басым көпшілігін дәл осы кепілсіз тұтынушылық заем құрайды. 2024 жылы банктердің бөлшек портфелінің құрылымында тұтынушылық қарыздар ауқымы 13,5 триллион теңгеге дейін ұлғайды!

Парламентшілер масқара бір жайтқа назар аударты: банктердің интернет-телефон алаяқтарына көмектесетіні аңғарылады. «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенәттың айтуынша, халықпен кездескенде ең көп қозғалатын бір мәселе — банктік алаяқтық. Олар шетелде отырып, елді электронды түрде алдайды. Банктер оларға кедергі жасамайды, тіпті көмектеседі ме деген күдік бар.

—Маған Қостанайдан бір азамат келді. Ол азамат ақпан айында өзі банкке жүгінгенде, оған несие бермей қойыпты. Ал үш айдан кейін, бір-ақ күнде алаяқтар оның атынан бірден 4 банктен несие алған! Банктер сонда оның айлығын да тексермеген. Ол ақша бірден басқалардың шотына аударылып, дропперлер арқылы ақшаға айналдырылған. Банктер Парламентке келгенде, бізге әдемі сөздер айтып кетеді, бірақ халықты мазалаған бір мәселе де шешілмейді, — дейді депутат.

Тағы бір дерек: банк секторының жиынтықты активі 2024 жылғы 11 айда 15,1%-ға немесе 7 трлн 767 млрд теңгеге өсіп, жалпы көлемі 59,2 триллион

лекет басшысы маңызды жобаларды қаржы көздерімен қамтуда қиындық барын ашық жеткізді.

Сондықтан отандық банктердің ресурстарын үкіметтік бағдарламаларға, атап айтқанда, ірі инфрақұрылымдық жобалардың құрылысы мен жаңғырту жұмысына тарту керек. Қ.Тоқаев мемлекет бөлетін қаражатты кезең-кезеңімен несие мөлшерлемесін субсидиялауға қарай бағыттауды тапсырды. Бұл, оның байламынша, экономиканы қаржыландыру көлемін бірнеше есе ұлғайтып, банктердің бос жатқан ақшасын экономикалық айналымға қосуға мүмкіндік береді.

—2017 жылдан 2020 жылға дейін бірқатар ірі банкке мемлекет тарапынан, Ұлттық қор есебінен 15 жыл мерзімге қаржылай қолдау көрсетілді. Бұл көмек банк акционерлері де ортақ жауапкершілікке ие болады деген талаппен берілді. Кейбір банк өз шығындарының бірін әлдеқашан толтырып алды. Бірақ мемлекет қаржысын қайтаруға асықпайды. Тіпті, оны жоғары пайызбен төуекелі аз мемлекеттік қаржы құралдарына салып, кепілді табыс тауып отыр! Үкімет пен Ұлттық банкке шара қабылдауды тапсырамын, — деді Президент.

Оның пайымдауынша, «әділ серіктестік» жоқ, диалог негізінде соны орнату қажет. Тоқаев мемлекеттің кезінде банкирлерге көмектескенін, өте қомақты қаражат бергенін алға тартып, енді олардың көмектесуі кезегі келгенін нықтады.

Қаржы саласының маманы, аналитик Болат Абдрахман шетелдік банктерге



Елдар ҚАБА (қолжазба)

барынша көп банк еншілес ұйымын ашса, ол ел төуекелі аз, қауіпсіз, тартымды әрі сенуге тұрарлық деген сөз, — деді сарашшы.

Оның мәліметінше, ДСҰ Қазақстанға 2015–2020 жылдар аралығында өтпелі кезең ұсынды, дайындалуға, салалық заннамасын өзгертуге, бәсекелестікке бейімделуге уақыт берді. 2020 жылы Парламент «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заңына түзету енгізіп, шетелдік банктерге филиалын ашуға рұқсат етті. Алайда өктем банк лоббиінің сол кездегі Үкіметке сөзі өтімді болып, шетелдік банктердің алдынан кедергілер қойылды.

Сарашшының түсіндіруінше, еліміздегі «шетелдік» банктер «Қазақстандағы Қытай банкі», «Ситибанк Қазақстан», KZİ Bank, «Шинхан банк» деп «бөтенше» аталғанымен, шынында бәрі

ақшаны тек «шетелдік қаржы институтының заемы» түрінде ала алады. Бұл жағдайда пайыздық сыйақысы да жоғары. Салдарынан, банктің қазақстандықтарға беретін кредиті де қымбаттайды.

Bloomberg жазуынша, тарихи рекордқа жетті дегеннің өзінде 2024 жылдың соңында, АҚШ-та 30 жылдық ипотекалық несие бойынша ставкалардың орташа көлемі 6%-ды құрады. Одан арзаны табылады. Ал, Қазақстанда 6 пайыздық ипотека — мемлекеттік баспана бағдарламасы аясында тек осал топтарға қолжетімді.

**ҚАНДАЙ ШЕТЕЛДІК БАНК
КЕЛУІ МҮМКІН?**

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің тәрәйымы Мәдина Әбілкасымованың айтуынша, Парламент

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫ ЖҮЙЕЛІ ЖАҢҒЫРТУҒА ЗӘРУ

Еліміздегі электр энергиясын өндіретін 36 кәсіпорын 1 ақпаннан бастап шекті тарифтеріне өзгеріс енгізу үшін Энергетика министрлігіне өтінім берген болатын. Оған кейін тағы 3 компания қосылды. Ендеше келесі айдан бастап электр энергиясы қымбаттай ма? Оның салдары қандай болуы мүмкін. Жалпы, электр энергетикасы саласында қандай түйткілдер бар?

А Нұрлан ҚОСАЙ

ЖАЛАҚЫ АЗ, ШЫҒЫН КӨП

«Еліміздің электр энергетикасы саласында соңғы уақытта жүргізіліп жатқан реформалар бұл саланың монополияға айналуына алып келді», — дейді сарапшылар. Мәселен, бұған дейін мұнда 140-тан астам компания қызмет көрсететін болса, былтыр Табиғи монополиялар реттеу комитеті (ТМРК) бөлшек саудада электр энергиясын сататын 119 тәуелсіз компанияның лицензиясын алып алды да, нарықта кепілдікке ие электрмен жабдықтаушы ұйымдар, яки 20 шақты «ЭСО»-лар ғана қалды. Олардың барлығы жергілікті электр таратушы компаниялармен, яки «РЭК»-термен тығыз байланысты. Осылайша, Энергетика министрлігі оларға бағаны өздері қоя алатын мүмкіндік беріп қойып отыр.

«Тәуелсіз электрмен жабдықтау компанияларын нарықтан алып тастау, бұл саланы саусақпен сануға болатын бірнеше олигархтың қолына бере салды. Олар — «ФОРБС» тізіміндегі тұрақты мүшелері. Бір-бірін танып қана қоймайды, үнемі араласып тұратын адамдар. Осылайша, реформа нәтижесі мінсіз олигополия боп шыға келді. Электр станциясынан розеткаға дейінгі аралықта тігінен интеграцияланған холдингтер тізбегі пайда болды. Енді олар тіпті картел құрып, кез келген ойларын іске асыра алады. Соның ішінде тариф саясатын да өз бетінше жүргізуге қауқарлы. Бұл жерде ТМРК жұмысын қайта қарау керек. Өйткені Қазақстанның энергетикалық тұрақтылығына нұқсан келгендігі түр», — дейді «Қазақстан электрмен жабдықтау ұйымдарының қауымдастығы» төрағасы Сергей Агафонов.

Енді тариф өсіруге ұсыныс беріп отырған сол монополистер мұнысын өздеріне байланысты емес шығындардың көбейіп кеткендігімен түсіндіреді. Оның бірінші факторы — кадр тапшылығы. Өндіріске персонал тарту және ұстап қалу үшін еңбекақысын өсіру қажет. Мәселен, былтыр орташа жалақы 18%-ға өсіп, 425 мың теңгені құраған екен. Енді биыл тағы да 15-20%-ға өсіріп, 490 мың теңгеге жеткізу жоспарлануда. Осылайша, 4,5 мың адамдық кадр тапшылығын жабу жоспарлануда. Сондай-ақ электр өндіріші компаниялардың көмір мен газ сатып

алуға және тасымалдауға жұмсайтын шығыны артқан. Сол сияқты жөндеу жұмыстарына керек материалдар да, соның ішінде металл өнімдері қымбаттап кеткен. Осылардың барлығын тариф өсіру есебінен жабу жоспарлануда. Алдын ала есептеулер бойынша оның соңы кВт/сағат үшін 2 тенге шамасында артуына алып келеді екен.

Енді өтінім беріп отырған компаниялардың тізіміне келсек, олар — ТЭЦ, ГРЭС, ГЭС сынды генерацияға не кәсіпорындар. Берісі киловат/сағатына 0,5 тенгеден бастап әрісі 30 тенгеге дейін тариф өсіруді сұрап отыр. Ауызын арандай ашып отырғандардың бірі — «Кентау Сервис» МКК қызмет құнын кәсіпорні 7,07 тенгеден 37,12 тенгеге дейін аспандатпақ. Әрине, оларды да түсінуге болады. Тәуелсіздік алғалы жөндеу көрмеген кәсіпорының тозу деңгейі 92%-ға жеткен. Соған сәйкес модернизациялау жұмысы да қарқынмен жүреді. Ал оған қажетті қаражаттың бір көзі — тариф. Десе де, халықты да ойлаған жөн болар. Өйткені 75 мыңдық тұрғыны бар қалада баға құраушы коммуналдық ресурсқа міндетін тариф салмағы олардың да иығына батығын анық.

«Мен Энергетика министрлігі Кентаудағы компанияға тарифті аспандатуға рұқсат бере қояды деп ойламаймын. Өйткені өзім де бір кездері Батыс Қазақстан облысында энергетикалық кәсіпорынды басқарған кезде тарифті 5,26 тенгеден 11 тенгеге өсіруге өтінім берген болатымын. Сол кезде маған да рұқсат бермей тастаған. Өйткені мемлекет ондайға жол бермейді деп санаймын. Тарифті әл дегеннен ондай үлкен көлемде өсірген дұрыс емес. Ал шынығын айтқанда, Кентау қаласына жаңа қазандық керек. Онда да газбен істейтін орталық салу қажет. Кенес кезінде қалаға ескі нысанды модернизациядан өткізген жөн шығар. Бірақ жанасын салған оған да дұрыс», — дейді «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарушы директоры Жақып Хайрушев.

Сол сияқты 39 компанияның арасынан тариф құнын 4-5 тенгеден асыра ұсынып өткен кәсіпорындарды да атай кеткен жөн болар. Олар — «Топар» бас таратушы энергостанциясы» ЖШС, «Батыров атындағы Жамбыл ГРЭС-і» АҚ, «Севказэнерго» АҚ, «Павлодарэнерго» АҚ, «Текелі энергокешені» ЖШС, «Ақтөбе ТЭЦ» АҚ, «Арқалық ОЭК» МКК (5 тт), «Тараэнергоцентр»

АҚ (7 тт), «Ақтөбе рельс-шпал зауыты» ЖШС (8 тт), «Қазақмыс Энерджи» ЖШС, «Bassel Group LLS» ЖШС, «Степногор ТЭЦ» ЖШС (9 тт), «Шахтинскэнерго» ЖШС (15 тт). Мұның барлығы Энергетика министрлігінің тісті бұйрығында көрсетілген. Десе де, бұл шектік тарифтер соңғы тұтынушы үшін сол қалпы сақталмайтыны анық. Өйткені екі ортада электрмен жабдықтау ұйымдары немесе электр энергиясын бірыңғай сатып алушылар бар. Оларда өз қызметтерінің өсіретіні екібастан. Сол себеп ақпан айындағы бұл өзгерістер соңғы тұтынушының қолындағы түбіртекте мамыр айында көрініс тауып қалуы бек мүмкін.

ТАРИФТІҢ ӨСКЕНІ ЖӨН

Сарапшылар тарифтің өскені жөн деп отыр. Бүгінгі ахуал — біздің ұзақ уақыт бойы оны өсіртпей ұстап келгеніміздің салдары. Елімізде генерациялық қуат көздерінің және инфрақұрылымдардың тозуы өте үлкен көрсеткіштерге жетті. Енді соның зардабын тартып отырмыз. Республика бойынша орташа тозу 60-70%-ды құрайды. Ал Арқалық, Кентау және Орал қалаларындағы ТЭЦ-терде ол 90%-дан асып кеткен. Сондықтан да мемлекет тарапынан мұндағы жағдайды оналтудың барынша мүмкіндіктері қарастырылуға.

«Кезінде тарифтерді көтермегеннің салдарынан еліміздің электр энергетикасы саласы кешенді де жүйелі жаңғыртуды талап етіп отыр. Ал бұл нысандар өздерінің негізгі қызметінен өзге қызметтермен айналыса алмайтындықтан, оларға тариф өсіруге мүмкіндік беру керек. Негізі, бұл жұмыстарды 2009-2010 жылдары бастап кету керек еді. Сонда бүгінгідей шок жағдайға тап болмас едік. Сондықтан да ендігі жерде тарифтердің өсетіні анық. Одан бөлек, Ұлттық жобаның өзінде де түрлі тетіктер көзделуде. Олар — табиғи монополия субъектілеріне облигация шығару, банктерден алынған несиелердің мөлшерлемелерін субсидиялау және тағы басқалар. Мұндай шаралардың қажеттігін қазір мемлекет те, кәсіпкерлер де мойындап отыр», — дейді «Атамекен» ҰҚП Басқарма төрағасының орынбасары Гүлнар Бижанова.

Мамандар мәселе тарифтің өскенінде емес, оның ашықтығында екенін айтады. Мәселен, электр өндірілуі ұйымдар қызмет құнын өсіретін кезде ешқандай да қоғамдық тыңдаулар өткізілмейді. Барлығы МЭ мен ТМРК деңгейінде шешіледі. Ал электр энергиясы баға құраушы коммуналдық ресурс болғандықтан, оның салмағы соңғы тұтынушының қалтасына салмақ боп түсетіні рас. Сондықтан да мұнда реттеу мен қадағалау тетіктерін жетілдіре түсу қажет.



«Біз бұл мәселені көтеріп жүргенімізге көп болды. Мұнда қоғамдық бақылау болғаны жөн. Соның бір тетігі — Нарық кенесін араластыру. Былтыр жыл бойы осы ұйымды «Атамекен» ҰҚП-ға қарасты 6 ассоциацияның бірінің құрамынан шығарып, салалық күзіретке ие орган ретінде құру үшін барымызды салдық. Бірақ қолдау таппадық. Бұл бір жағы саладағы коррупциямен күрестің деңгейін білдіреді. Мұнда мүдделер қақтығысы бар екенін көре тұра оны мүлдем елемей бар. Енді өзгеріс Нарық кенесі сол бір ассоциацияның инвестициялық бағдарламаларын мақұлдайтын ұйым боп қалып отыр», — дейді «Қазақстан электрмен жабдықтау ұйымдарының қауымдастығы» төрағасы Сергей Агафонов.

Оның айтуынша, Табиғи монополияларды реттеу комитетінің де күзіретін жетілдіру қажет екен. Өйткені ол инфляция мен тарифтерді индексациялаудан басқа ештеңеге жауап бермейді. Не Ресейден электр энергиясын сатып алу бойынша мәселелерге де, еліміздің энергожүйесін реттеуге де, түгіннің экологияға әсеріне де, құрал-жабдықтардың сақталуына да жауап бермейді. Бір сөзбен айтқанда, Энергетика министрлігінің әлі келмейтін, ал ТМРК басын алып қашып, мүлдем араласпайтын тұстар өте көп. Табиғи монополияларды реттеуде осындай олқылықтар аз емес. Мәселен, монополистер тек электр өндіруге ғана емес, оны тарату, мердігерлікке беру саласының бәрін де жаулап алған. Ал ТМРК-нің онымен шаруасы жоқ.

КҚС ӨССЕ, ТАРИФ ТЕ ӨСЕДІ

Елімізде қазір қосымша күн салығын көтеру мәселесі қызу талқыланды. Бұл

БЕТ ҚАТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Сонымен, соңғы сәтте белгілі болғандай, былтыр жыл соңында Ашық НҚА-да жарияланған, жұрт назарына ұсынылған Энергетика министрлігінің бұйрығына 27 қантар күні қол қойылған екен. Оған сәйкес, 36 компанияның тек 17-сіне ғана тарифтерін өзгертуге рұқсат етілген. Олардың қай компаниялар екені нақты белгісіз. Соған қарағанда басқа компанияларға рұқсат кезекпен берілетін іспетті.

Жуырда Түркістан облысы Отырар ауданында екі мақта өңдеу зауытының қапсуласы салынды. Салтанатты рәсімге облыс әкімі Нұралхан Көшерөв қатысып, бастамаға сәттілік тіледі. Инвесторлармен кездесіп, мақта-тоқыма кластерін дамыту жобасымен танысты. Аймақ басшысы инфрақұлыммен қамту жұмыстарына жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізіп, мәселелер туындаған жағдайда дер кезінде хабардар етуді ескертті.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Отырар ауданында қолға алынған бұл жоба «Түркістан мақта агроөнеркәсіптік кешені» ЖШС бастамасымен және «Түркістан» ЭКК» АҚ бірлесіп жүзеге асырылуға. Бірегей жоба заманауи су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, жоғары стандартты шикізат базасын қалыптастыруды, соңғы үлгідегі мақта өңдеу зауыттарын, тамшылатып суару таспаларын шығаратын өндіріс орнын және басқа да инфрақұрылымдық нысандарды қамтиды. Мұнда әкімшілік ғимараты, шаруашылық базасы, сорғы станциялары салынуға. Жалпы инвестициялық құны — 80 млрд теңге.

Жоба арқылы қуаттылығы жылына 160 мың тонналық 4 заманауи мақта өңдеу зауытын іске қосу, 6 мың тонна мақта тұқымын шығаратын өндірістік желісін құру көзделген. Оның ішінде биыл 2 зауыт іске қосылса, 2026 жылы тағы 2 зауытты іске қосу жоспарланып отыр. Жоба толық жүзеге асқанда, жақын маңайдағы аудан, қалалардың 1 500-ге жуық тұрғыны жұмыспен қамтылады. Отырар ауданында өндірілген шикізат Түркістан қаласындағы Туган арнайы экономикалық аймағында бой көтеріп жатқан жіп иіру, тоқыма, мата өңдеу, бояу және дайын өнім шығару фабрикаларына жеткізіледі.

Су үнемдеу технологияларын қолданатын еліміздегі ірі масштабтағы алғашқы жоба өндірістік процестің барлық кезеңдерін қамтиды. Үздік технологияларды қолдану есебінен су мөлшерін 3-4 есеге дейін үнемдеуге, жоғары өнімділік алуға мүмкіндік береді. Жобаның экономикалық тиімділігі орасан. Мақта-тоқыма кластерін дамытуға ықпал етіп қана қоймай, өңір бюджетіне кіріс әкеліп, салық түсімдерін арттырмақ.

ТҰРҒЫНДАР НЕГЕ НАРАЗЫ?

Осынау ірі жобаның жүзеге асуының артында жергілікті биліктің көзге көрінбейтін қыруар жұмысы жатқаны белгілі. Алайда отырарлық ағайын жайылым жерден айырылып қалдық деп отыр. Олар ауданға



САПАЛЫ ИНВЕСТИЦИЯ — ЭКОНОМИКА ДРАЙВЕРІ

шетелдік инвестор келеді деген сыбысты ести салысымен «мал жаятын жерге мақта екпек» деп наразылық білдірді. Айтуларынша, Сарыкөл елді мекенінің іргесіндегі алқаптарды бай-манаптар заңдастырып алған. Осы күнге дейін солардың жеріне амалдап мал жайып келген жұрт «енді шетелдіктерге өтсе қайтпекпіз?» дейді. Төрт түлік малды күнкөріс көзіне айналдыру отырған ауылдықтар тіпті мақта егілсе малды көшеге шығара алмай, қорада қамап ұстауға мәжбүр болып қаламыз деген күмәнін де жасырмады.

Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы Нұралы Әбішев журналистерге берген сұхбатында ауыл тұрғындарына бұл тұрғыда алаңдауға негіз жоқ екенін айтады. Түркістан облысында мақта кластерінің дамуына инвестор тарту үшін бұрынғы облыс басшысы Дархан Сатыбалдымен бірге Қытайға барып келген Нұралы Әлмаханұлы инвесторды әкелудің қаншалықты қиын болғанын да жеткізді.

«Жалпы, біз инвестор дегеннен шошымауымыз керек. Көп мемлекет инвесторлардың арқасында байып кетті. Инвесторды дұрыс пайдалана білсек, өңіріміздің дамуына үлкен үлес қосамыз. Инвестор ол тек шетелдік емес, өзіміздің кәсіпкерлер де инвестиция құйып, үлкен зауыттар салып жатса, ол да инвестиция. Арыс қаласы мен Отырар ауданына Қытайдан Xinjiang Lihua компаниясы келіп, 140 млрд теңге қаржы бағыттап, ірі жобаларды жүзеге асырғалы

отыр. 30 мың гектар жердің әзірге 17 мыңы ғана шешілген. Бірінші этап бойынша 1 200 гектар жерге мақта егіп, 60 центнерден өнім алды. Бұл өнімді соры шығып жатқан жайылым жерден алды. Өңірімізде 30 жылдан бері мұндай 60 центнерден өнім алынбаған», — деп түсіндірді облыстық мәслихат төрағасы.

Қытайлық инвесторлар екінші этапта құны 47 млрд теңге болатын инфрақұрылым және су сорғыларын орнату жұмыстарын атқарса, 29 шақырым жерге құны 3 млрд теңге болатын канал қазбақ. 30 мың гектарға 11 млрд теңгенің қосалқы стансасын, 2,5 млрд теңгеге тынайтықштар баратын қондырғылар орнату жоспарлап отыр. Одан соң 21 млрд теңгеге 3 зауыт салады. Биылдың өзінде 84 млрд теңге жұмсамақ.

ЖАБАНҒА ӘЙГІЛІ ЖАҢА БРЕНД ТУУЫ МҮМКІН

Ауыл шаруашылығы министрлігі осы мәселе төңірегінде «Түркістан мақтасынан жасалған маталарды Louis Vuitton және Gucci пайдаланалы» деген тақырыптағы ақпарат таратты. Онда Түркістанда 146,8 млрд теңгенің мақта өңдеу кешені салынады делінген.

Сонымен бірге Түркістан облысында мақта шаруашылығын жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік беретін, құны 146,8 млрд теңгені құрайтын жоба іске асырылып жатқаны белгілі. Ресми ақпаратта толық

циклді тоқыма фабрикасында 11 цех жұмыс істейтін болады. Өндіріс қуаттылығы жылына 13 мың тонна иірімжіп, 50 млн метр үй тоқымасын, 7 млн жиынтық тосек өбзелдерін құрайды. 2 000-нан астам жұмыс орны құрылады. Мақта-мата кластерін дамытуға бағытталған өндірістік кешеннің құрылысын Xinjiang Lihua (Group) Co., LTD жүргізеді. Жобаның маңызды артықшылығы — компанияның Louis Vuitton және Gucci сияқты сән индустриясының алыптарымен тікелей ынтымақтастығы болмақ. Болашақта Made in Turkestan тігін жіптері мен маталары осы брендтерге сатылатын болады.

ОТАНДЫҚ СОРТ КӨРШІЛЕРДІ ҚЫЗЫҚТЫРДЫ

Айта кетейік, Түркістан облысы — еліміздің мақта өсіретін жалғыз өңірі. «Мақта шаруашылығын дамытудың және мақта-тоқыма кластерін қолдаудың 2027 жылға дейінгі өңірлік жол картасы» шеңберінде тоғыз мақта кластерін құру жоспарлануда, бұл шітті мақтаның бағасына тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді. Облыс аумағында жыл сайын 100 мың гектар жерге мақта егіліп, 300 мың тоннадан астам өнім жиналады. Алдыңғы қатарлы технологияларды енгізу, қытайлық тәжірибеге бойынша мақтаның элиталық сорттарын егу суды, энергияны, ресурстарды тұтынуды оңтайландыруға және өнімділікті 60-65 ц/гектар дейін арттыруға мүмкіндік береді.

2023 жылы өңірде «Cotton Мақта» ЖШС мақта өңдеу зауытының жобасы іске қосылды. Кәсіпорын заманауи қытайлық жабдықтармен жабдықталған. Былтыр зауыт 40 мың тонна шітті мақта қабылдады. Сонымен қатар Қытай мен Өзбекстан инвесторларының қатысуымен құны 223,5 млрд теңге болатын екі инвестициялық жоба іске асырылуға.

Осы тұста өткен аптада Тәжікстан Республикасы Соғды облысы Бабоджон Гафуров ауданының делегациясы Мақтаарал ауданына жұмыс сапарымен келіп, мақтааралдықтардың тәжірибесімен бөліскенін де атап өтуге болады. Қонақтар «Мақта және бақша ауыл шаруашылығы тәжірибелік стансасы» ЖШС-де болып, аудандағы селекция және тұқым шаруашылығы саласында атқарылып жатқан жұмыстарды көріп, қазақстандық сорттарға үлкен қызығушылық танытты, Орта Азия үшін ағын су мәселесі өзекті болып жатқан қазіргі уақытта қазақстандықтардың жана технологияға бетбұрыс жасап жатқанына дән риза болып қайтты. Біздегі тұқымды Соғды облысындағы 100 гектардан астам жерге егуге ниет білдірді.

Ал Мемлекет басшысы кешегі өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Қазір бюджет тапшылығы бар екенін білесіздер. Сондықтан сапалы инвестиция әкелетін жауапкершілігі жоғары инвесторларға қосымша жеңілдіктер беру мәселесін қарастырып жөн», — деп атап өткен болатын. Сондықтан жергілікті халық өңірімізге құйылғалы тұрған осынау ірі жобаны қолдап, бірігіп жұмыс істеуді қолға алса құба-құп болары анық.

ПАРАСАТ

30 ҚАҢТАР 2025 | БЕЙСЕНБІ

ТУРА ОСЫДАН ЖИЫРМА БЕС ЖЫЛ БҰРЫН МҰХТАР МҰҚАНҰЛЫ МАҒАУИНГЕ ҚАРАТА АЙТҚАН: «ТӨРТ ҚҰБЫЛАСЫ ТҮГЕЛ, СЕГІЗ ҚИЫРЫ ТҮТАС. ҮРІМДІ ҮРЛЕП, ҚЫРЫМДЫ ЖАЙЛАП, «АЗАУЛЫНЫҢ ЫСТАНБҰЛДАН НЕСІ КЕМ, АЛАШТЫҢ МАҒАУИЯСЫНЫҢ МҰХТАРЫНЫҢ, ХАН ҰЛЫНДА НЕСІ ЖОҚ, БИ ҰЛЫНАН НЕСІ КЕМ!» ДЕП ТҮРҒАН ДЕР ШАҒЫ. ҰЗАҒЫНАН СҮЙІНДІРСІН» ДЕГЕН ТІЛЕГІМІЗ ҚАБЫЛ БОЛДЫ. ӨЙТКЕНІ ОЛ СОҒҒЫ ЖИЫРМА БЕС ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ҚЫЗЫҒЫНА АЙЫЗЫН ҚАНДЫРА СУСЫНДАП, ТАБАНЫНАН ОТ ШАШҚАН НАРҚЫЗЫЛДАЙ ЗАР КҮЙІНЕ ТҮСІП, БАУЫРЫН ЖАЗА ЖАЗДЫ.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ, жазушы

Армансыз көсіліп келді. Бойы да, ойы да бұрынғыдан ширақ тартты. Өрісі де кеңіді. Бұрын қолы жеткен адам шетелге шығып кетіп демалатын еді. Ал Мұхтар ағамыз күз бен көктем арасын шетелдегі сарайында өткізіп, жаз жайлауында ғана туған еліне келіп, Көпбейіт – Көктүбектегі ата қыстауында аунап-қунап қайтып жүрді. Бұл да тағдырдың оған берген ерекше сыйы. Бәйбіше мен баланың қызығын бәріміз де қал-қадерімізше көріп, сыйына бөленіп жүрміз ғой. Бірақ бұл ретте де Мұхтар ағамыздың құрметі өзгемізден өзгеше өріс алды. Балалары мен жарының аялы алақанына мұндай еркін еркелеп, мөпеленген әке арамьызда сирек.

Сондай сүйініштің аясында ел азаматтарына аздаған ғана өкпесін аркалап, Прагадағы, Мэрилендтегі немерелеріне қазақша үйретіп, қәдімгі кеңістіктегі көп атаның бірі емес, ірісі боп өмір сүрді. Жай жатқан жоқ, қазақтың жыртысын жыртып, рухани қазынасын молайтып, көркем әлемін байытып жатты. Өзі бір кездері көңіл ауаны ретінде сүйініп аударған, елден алыс, ағайыннан ауаша, тұйық күн кешкен Соммэрсет Моэмнің кейіпкерлері сияқты шалғайда жүрді. «Қияндағы қыстаудағы» құлжалар сияқты анда-санда жонын күдірейтіп Алматыға келді. Астанаға ізін сала қойған жоқ.

Сондай сағыныңқырап қалған інілік сартап көңілмен зәулем хабарласа қалып, жөн сұрасаң: «Сен немене, менен интервью алайын деп тұрмысың? Оның несің сұрайсың. Елің таланған, жерің тозған, адамның азған. Парламентің – пөлешіл. Тек Алашымның рухы өлмесін!» деп бастырмалата жөнелетіні де бар еді. Сол баяғы өршіл де, шамшыл мінезінің басылмағанына қарап: «Е, ағамыздың көңілі күпсіз, ойы орнықты екен. Сағыныштың сар жалқыны жүрегін алмапты. Мұны білгенде мұндай қатқылдау сөз естімей-ақ, хабарласасам да болады екен! Енді есте болсын» дегендей қырсық ой қылт ете қалатын.

Сонынан кайтадан жазғандарына үніліп, оның ішіндегі ұлтына деген ұлы да уытты толғаныстарды оқып: «Сыр жасырып, бой тасалап жүр екен. Бәрі де ішінде сақталыпты. Алқалы ойын тек қаламға ғана сеніп тапсыруға бекініпті. Кейіпкерлерінің жармақтанып, қос жарылып жүргені сияқты өзінің де ойы өзі суреттеген Баканастың бойындағы Қос Ағаш сияқты қос айрылып жүр екен-ау! Ділі қатты ағанын тіліне бола бұртмаймын», — деп өзіміз-өзім жұбататынымын.

Қалай дегенмен де, түнілмейсің, қайта өткен күннің кей елесі көз алдына келеді. Шыңдығында да, осы «Қос Ағаш» жазылғанға дейінгі жазушы Мұхтар Мағауин бір басқа да, «Тамыз әңгімелерінен» кейінгі жазушы Мұхтар Мағауин бір басқа. Мұнда жазушының «Мені» басты кейіпкер дәрежесіне көтерілген, ал негізгі, қосалқы, үстеме, жанама сюжеттер сол «Менге» қызмет етеді. Жазылу мәнәрі — өртүрлі ырғаққа құрылған, баяндау тәсілі — құбылмалы, әдеби әдістері алмағайып алмасып отырады, шендестірулері — ширақ әрі күрделі, түспалдары — тылсым, емеуріні — екі-үш мәнәге ие, нысанасы — әрі биік, әрі терең, оқиғаға өзін де, өзінді де араластырып, уақыт пен кеңістіктің желісімен жетектеп, қилы-қилы әсерде қалдырады.


Сонымен қатар бұрын Мағауиннің прозасында қанық анықталмаған сарказмдық кекесіндерін өзі сюжеттің міндетін атқарып кетеді. Кейде жүрдек жазу мәнәрі тасырқап барып қайтадан екпін алады. Сағыныш пен өкініштің өзіне де бірде кекесінмен, бірде мысықпен, бірде жылы жымынып қарайды. Оқиғаның басталуы, дамуы, көркемдік шешімі, нысаны қат-қабат қатталып, көркем ойдың салмағы сомданып шыға келгенде шап-шағын әңгіменің салмағы шартабақтай ауыр тартады.

Лирика мен мысық араласқан осындай күрделі көркем иірімде тұлғаланған әр қаһарманның әрқайсысына ортақ бір сипат тән. Ол — сол кейіпкер әлемінің қос жарылуы. Яғни, әлгі қаһарман бір оқиғаның жазушының өзінің «Мені» сияқты әсер қалдырады. Қайыра оқиғаныңда ол мүлдем басқа, антиқаһарман болып шығады. Мысалы, «Тревеннің өңгімесіндегі» ажалдың бейнесі, тіпті, «Одағай өңгімелердегі» әр оқиға осылай жинақтала жұмырланған.

Ал «Құмырсқа — қырғын» мен «Қос ағаш», «Тағдыр жазуы», «Күмбез», «Оралу», «Бір нәзік сәуле», «Ең үздік оқушы» өңгімелерінің түспалы мен емеуріні қатпар-қатпар. Біржақты, біресеімді, біртүтіктей кейіпкер жоқ. Махаббат пен ғадауаттың ортасында алмағайып күй кешкен тағдырдың жанкештілері жүр. Көркемдік әдіс-тәсіл мен шығармашылық психологиясымен арнайы айналысатын зерттеушіге таптырмайтын тақырыптың өзі.

Мен бұл өңгімелерден алған әсерімді бойыма да, ойыма да сіңіре алмай, бір өңгімелесіп қалғанда Мұхтар Мұқанұлының өзіне осы пікірімді сабақтай келіп:

МҰХТАРДЫҢ «ҚОС АҒАШЫ»



— Баяғы жазушы Мағауин мүлдем бөлек. Мына «Тамыздан кейінгі өңгімелердегі» Мағауин — шығармашылықтың жұлын-жүйкесін шүйкелеп берген нағыз еуропалық мәнәредегі жазушы. Кейде бұрынғы Мағауин осы өңгімелерді жазу үшін дайындық жасап келгендей әсер қалдырады, — дедім мақтауымды асырғым келіп.

Ол әдеттегідей тез шытына қалып: — Сонда сен бұрынғы Мағауинді жазушы емес дегің келіп отыр ма? «Аласапыран», «Тазының өлімі», «Шаһан шері» сияқты шығармалар жүз жылда бір-ақ рет жазылды. Енді жазылауы да мүмкін, — деді.

Мен де қасарысыңқырып: — Иә, олар жүз жылда бір рет жазылуы мүмкін. Ал мына шығармалар, романның жүгін аркалап тұрған шығармалар ешқашан да жазылмайды, — дедім.

Мәселе ол шығармалардың жүз жылдан кейін жазылып, жазылмауында емес. Ең басты мәселе — жазылып қалғанында және қайталанбастан іріммен тоғыс тапқанында. Өйткені дәл осындай, яғни тәуелсіздік тұсында рухани бодандықты басынан кешірген Мұхтар Мағауин сезінген сезімдерді тағы бір қаламгердің қайтадан сезіне алуы неғайбыл. Сол пікірімді дәлелдегім және әр өңгімесі мен мақаласына орай пікір білдіріп келіп ұзақ уақыт бойы дайындалып та жүрдім. Бірақ ретін салмайын десе ойлаған ісің ілгері баспайды екен. Сол тұстағы пікірлерімнің жаңғырығын, міне, енді пайдаланайын деп отырмын.

«Күмбез» өңгімесінің соңына: «Егер осында суреттелген оқиға көркем қиялдың нәтижесінен туған көркем шыңдық болса, онда Мұхтар Мағауин шын даналыққа жетіпті. Шын оқиға болғанын өзіңде, енді он, жиырма, жиырма бес жылдан соң көркем шыңдыққа айналады», — деп жазыппын.

Мұндағы жазушы өз көзімен көргендей етіп жазылған қәдімгі шыңдықтың өзі жағанды ұстатады. Айтты-айтпады, біз аруақтардың бейітінің өзін сатып күн көріп жүргеніміз өтірік пе?! Бұрын арымьызды сатқанға күйінуші едік, енді ата-бабамьыздың аруағын сатып күн көретін болдық.

О, таубе!
Ал осыны Мағауиннен басқа кім көркемдік шыңдық дәрежесіне көтеріп жазды?

«Құмырсқа — қырғын» өңгімесі туралы: «Егер бұл өңгіме кеңес кезінде жазылса, онда Мұхтар Мағауин тірі классик емес, нағыз алашшыл-ұлтшыл, буржуазияшыл диссидент атанар еді. Қазір тақырыпқа еркіндік жасалды. Әңгіменің астарындағы шыңдық публицистикада ашық айтылып жүргендіктен бе, әдеби сын мылқау тылсымдықты сақтады. Оның үстіне, авторы бас асауы басылмаған, сырбаздығы мен сыншыл ойы тең өрілген, өзіне-өзі және келер оқырманның жоғары бағасына қатты сенетін, мақтағанының өзіне бір сөзіннен ши шықса жазғанын үшін өкінетіндей ғып жазғыратын, шамшыл да шыншыл Мұхтар Мағауин. Сондықтан да әдеби сыншылар сырттай ықтап, марғаулық танытқан сияқты. Егер де Әбіш Кекілбай мен Шерхан Мұртаза жазса, сөзсіз дана дер едік. Оған мен де қосылар едім.

Әтең, «Құмырсқа-қырғынның» астарын ешкім әлі де пайымдай алмай жатыр-ау! Оның ішінде дәл қазірдің өзінде ешкім айта алмайтын, екінші бір емеурінді түспал жатыр. Ол — Ананың өзі! Аты аталамайды. Бірақ өңгімені оқығанда ол кейіпкер ретінде елес

береді. Ол бейне жылдар өткен соң лакмус қағазының түсі сияқты астарлана шығады. Сонда: «Мұхтар Мағауин шыңдықты зарлатып отырып, запыраны сорғалатып отырып жазыпты. Біз білмеппіз ғой! — дейтіні анық. Мұндағы кейіпкердің мені — жазушының өзі. Егер құмырсқаның өзін жазса, қазіргі оқырманның оған өресі жетпейді, оқымайды. Құмырсқаның іні де, илеуі де жоқ, яғни, жер сатылып кеткен. Ертенгі өмір, жер жегісі, түптің түбінде жүйкенді жейтін болады!» деп пікір түйіндепмін.

Қазір де сол ойдан айны қойғаным жоқ.

«Құрышак» — Мағауиннің жазушылығын ертеректегі жазған туындысы «Әйел махаббатымен» байланыстыратын (мұны «Еркек махаббаты» деп атаса да болатын) жастық кешуі туралы хикая. Ең сәтті өңгіменің бірі. Баяндау мәнәрі де, құрылымы да, сюжеттің дамуы да қәдімгі классикалық үлгіде құрылған. Алайда мұндағы кейіпкердің «мені» жазушының «баяндаушының емес» «менімен» астасып кетеді. Автор кей кезде кейіпкердің орнын алмастырып кетеді. Баяндауы бір желінің бойына тартылған, ширақ. Оқығанның өзіне тарта жөнеледі, кей тұста автордың толғауымен алмасу ұласады. Мұның барлығы болған оқиғаға, әсіресе, соның шешіме оқырманды сендіру үшін жасалған әдеби тәсіл. Мұндай ішкі қуат пен шынайылыққа алпыстан асқан жаста жету — ұлы ішкі қуатты қажет етеді» деп тұсына жазып қойыппын.

Менің ойымша, бұл өңгімені талдау керек, жай ғана оқып шыққан лазым. Сонда ғана оның барлық көркемдік қуатын сезіне аласың.

«Ең үздік оқушыдағы» немере де, немеренің романы да, оны тындап, пікір айтқан ата да данышпан. Мұны әдеби тәсіл деп те, жазушының жан сыры деп те, тіпті, кішкентай ғана авантюристтік әдеби тюрк деп те қабылдауға болады. Қылауы мен қисыны жарасқан, сақа жазушының өзін сексендіретін, бала психологиясының логикалық тосын шешімі арқылы оқыға қалдыратын шағын да шақпа туынды. Өйткені сарабал сынының өзін шімір-келдіріп, «немересінің романын жан-жақты талқылауды кейінге қалдыру» талай түспалды аңғартады. Оқырманның шешуіне қалдырылған түспал бойынша: не лирикалық қаһарман қайтып қолына қалам алмайды, не немересі түспалдаған шыңдықты жазу ғана қалады. Мүмкін, немересі де қайтып қалам ұстамауы мүмкін. Онда бұл ата өмірінің трагедиямен аяқталатыны анық. Ал немере жазушы осы бетімен өнерін өрістетсе берсе, онда ... әлгі романды үлгі тұтқан мұғалиманың керін әрбір қазақ кешеді деген сөз. Оған да өңгіменің талқылауын шынымен де кейінге қалдырған дұрыс».

Солдай болғаны дұрыс-ау! Бірақ қазақ ұлтының күні не болмақ. Шағын, ойнақы өңгіменің астарында ұлттық трагедия жатыр.

Ал «Қос Ағаш» та бүкіл дала философиясының тамырының үзілуі мен қазақтың тағдыры түспалданған. Мұнда лирика да, сыншыл сезім де, емеурін де бар. Кешегі даланың көркі болған Бәйтеректер қайда? Енді мынау сайын даланың салқын самалымен саясында сусындататын қос бұтақты алып Қос ағаштар қайда? Марқасқа Мағауиялар қайда? Олардың басын жай ойнатқан кім? О, Қос ағаш! Сен қазақ хандығының құрылғанына куә болмап па едің! Дала мен бабаның рухы емес пе едің! Тасқын шайған, су орган арса-арсаы шыққан өзен жағасында сояудай сойдып

тұрған қалқа жоқ. Баканастың бойындағы шибықтар мен суға түскен бүгінгі балаларды кім саясына алады? Хандығынның нысанасы, ер бабалардың рухы мынау еді деп көрсететін тұқыл да қалмаған. Бұл өңгімеде аспан мен дала, ата мен бала, арман мен өмір арасын байланыстырған ұлы ансар бар. Ол ансар жазушының ішкі ансарымен астақанда мәңгілік ел туралы сарынға айналып кетеді. Қос ағаш — қос өмір, қос тағдыр, қос әлем, қос қоғам. Қос ағаш — фани мен бақидың арасындағы ұлы сарынды тамыр. Ол — өмір ағашы, көне түркіше Мықан ағашы. Ол — тамыры көкке, жапырағы жерге қараған жазмыш ағашы.

Мұндайға арағайындық жасағанды жаным сүймейді. Жасанды жауапты одан бетер жек көремін. Дегенмен де, мәселенің анығы — Шыңғыс хансыз қазақ мемлекеттігінің тарихы болмақ емес. Онсыз біз ұлттық қасиеттеріміз бен белгілеріміздің бәрінен айырылып қаламыз. Тарихтан сызыламыз. Оны М.Мағауин «Қазақ тарихының әліпбиінде» барынша орнықты баяндаған. Біле білсек, қазақ ұлтына Шыңғыс хан мен Мағауин емес, Подонок қауіпті еді. Ондай подоноктар арамьызда әлі де қошабетке ие. Осыны да парықтай алмай қойдық-ау!

Бүгінгі күннің тақырыбын көркем шығармаға арқау етуге әлі ерте деген жасанды сылтауды Мұхтар Мағауиннің жоғарыдағы өңгімелері мен «Жармак» романы күн тәртібінен сызып тастады. «Жармак» — саяси памфлет пен психологиялық көркем саралауға құрылған трагедиялық шығарма. Мұндағы бір адамның екіге жарылуы тарихи және өмірлік шыңдықтан туып отыр. Бір бетіне — ұлт намысын, екінші бетіне — ұлтсыздықты ұран етіп алған дұбара тұлғаның қос жарылуы, жүрегі мен санасының екіұдай арпалысуы, махаббаты мен жар төсегін бөліскен жары-местілік, бір адамның өзін-өзі соншама сүйі отырып жек көруі, өзінен-өзі жерінуі романда публицистикалық рухта сараланып, трагедиялық шешіммен аяқталады.

Басты кейіпкер өзінің екінші бетіндегі данк пен дақырттың табы басылған сатқындықтың қарғыс таңбасын өшіріп, бір бетті, ар-ұятты, ұлтының мүддесі үшін өмір сүруді армандайды. Өзінің екінші жартысы Жармак Парламентке өтіп, тура Подонок сияқты өз ұлтын арандатып, «Қазақтарсыз Қазақстан» деген ұранды мемлекетаралық деңгейде жүзеге асыруға көшкенде оның екінші жартысы — өзіне-өзі қол салады. Ол сол өзінің өлімі арқылы гана Жармакты сатқындықтан арашалап қалады. Өйткені онсыз екінші сынарыңсыз Жармактың өмір сүруі мүмкін емес көрінеді. Маратымыз — Мұрат, Мұратымыз — Марат. Марат өзін өлімге қию арқылы Мұраттың жолын кеседі. Яғни, ұлттың мұраты үшін Марат өзін де, Мұратты да құрбан етеді.

Мұндай шарасыздықты әрбір қазақ зиялысының басынан кешіп жүргені аян. Тіпті, осындай амалсыз тәуекелге барған шығармашылық иелерінің тылсым тағдыры жанымьызға батып жүргені де аян. Берісі он-он бес әдебиет, мәдениет өкілінің өз жанын өзі қасым еткені бізді сексендірсе керек. Олар да Марат сияқты өз еркімен өмірден бас тартуы арқылы қалғанымызға ой салғысы келіп, жанын пиде етті ме деп те ойлайсың. Ойлайсың да еркін өмірдің тұйыққа тірелуін азат қоғамды тұйық қоғамға әкеп тіреген себептерден іздейсің. Соның жауабының бір парасы Мұхтар Мағауиннің «Жармак» романында публицистикалық пафоста сарқыла көркем сараланған.

Шайтанқулақ арқылы аз сөйлесіп, көп сыр туюға ұмтылған сәтімде «Жармак» туралы сыр тартпақ болғанымда ол алысқа орағыта қайырып, өңгімелерін көлденең тарта берді (Ол өңгімелер ғұмыры қысқа болған «Алтын тамыр» журналында жарияланды). Соған қарағанда қазіргі Жармак емес, тарихи жармактар туралы көркем ойын көмей күйі ретінде жасырып қалды ма деген ұшын санамызға санлау түсірді. Әйтеуір, біз білетін Мағауин ешқашан да елі үшін алаңдамай жүрген емес. Әр игі ісінің сәтін салсын — деп тілейтінмін.

Қазіргі қазақ әдебиеті тоқырауда — дейміз. Жоқ, бұл мүлдем қате түсінік, жансақ пікір. Өзгені былай қойғанда, Мұхтар Мағауиннің кейінгі он-жиырма жылдағы шығармалары бұрын-соңды туған әдебиетімізде бой көрсетпеген әлемдік деңгейдегі туындылар. Тек соны оқып, түсініп, мойындап, талдап, түспалын халыққа ашып жеткізу ғана парыз болмақ. Өйткені бұл роман — бүгінгі қазақ әдебиетінің жана арнасының басы. Көркем шығарма қойылатын ендігі талап та сол деңгейден қалыптаспақ. Бұған аланымьыз жоқ.

Аланымьыз — ағанын алыста жүргені еді. Енді еліне жат бауыр болып кете қоймас. Шақ бой тарта саяқ кеткені — Алаш рухты азаматтың бар екенін сезініп жүруі тиіс еліне қиянат сияқты көрінетін. Бұл емеурініміз, мүмкін, асылық та болар. Мүмкін, жанында еркелей жүріп, бауыр басып қалған жан жылуын жиі сезінгіміз келгендіктен де шығаар. Ал оған бауыр басып қалған жалғыз біз емес, ісі ел емес пе? Ал елін бауырына басып үйреткен тағы да сол Мұхтар Мұқанұлы Мағауиннің өзі.

Маған осындай да Мұхтар ағамьыздың өзі де сол өзі жырлаған Қос Ағашқа ұқсап кетеді. Ол — азаматқа тән өмірлік көзқарас қайшылығы бар, жазушыға тән тағдыры бар, оқымыстыға тән ой тартысы бар тағдыры тұлға. Бұл сөзімді де сол алғашқы мақаламдағы сөз емеурінін өткен шақпен ауыстырып:

«Мұхтар Мағауин төрт құбыласы түгел, сегіз қиыры тұтас. Үрімді үрлеп, Қырымды жайлап, «Азаулының Ыстанбұлдан несі кем, Алаштың Мағауиясының Мұхтарының, хан ұлында несі жоқ, би ұлынан несі кем!» деп тұрған дегдар шағында өмірден озды. Шығармалары жұртының көңілін ұзағынан сүйіндірді» деген салауатпен төмамдаймын.

Бұған қосарым, тірісінде жанына тыныштық бермеген ызың-тызыңдар осы дүниеді қалып, рухына оға берсе екен деп тілеймін.

5 қараша, 2009 жыл —
27 қаңтар, 2025.

БАҒА, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?!

Соңғы айда картоп бағасының республика бойынша шарықтап кетуі тұтас қоғамды алаңдатып тастады. Бұл жайт түйінді көкөністі екінші нанға балайтын халықтың онсыз да жұқа әмиянын жұқартып, жұртқа ауыр соққаны ақиқат.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Апта бойы БАҚ және әлеуметтік желілерде жарыса жазған картоп айналасындағы дау жайлы Үкіметтен бастап құзырлы министрліктегілер, Парламент пен жергілікті атқарушы органдар да анықтап, түйткілді мәселені түйінін тарқатып, бағаның нәліктен көтерілгенін бағамдап айтып көрді. Сарапшылардың пікіріне сенсек, негізінен алыпсатар делдалдардың кесірінен картоп бағасының құны бір мезетте қатты өскен.

Өңірдің әр аймағында картоп құнының 2-есеге дейін аспандауы Ақмола облысын да айналып өткен жоқ. Осыған дейін небәрі 180-200 теңгеден аспайтын картоп бағасы бірден 350-450 теңгеге дейін жетіп жығылған.

Картоп құнының қымбаттауына биыл картоптың аз жиналуы себепкер болды деп жатқандар көп. Дегенмен өңірдің Ауыл шаруашылығы басқармасы бұл уәжді жоққа шығарды. Басқарманың дерегіне, Ақмола облысында былтыр шамамен 7,8 мың гектар алпаққа картоп егілген. Сондай-ақ тағы 1,5 мың гектар көкөніс егуге бөлінген.

— Жыл сайын өңірде картоп егілетін егістік алаңының көлемі ұлғайып келеді. Өйткені бұл — әлеуметтік маңызды азық-түлік өнімдерінің бірі. Биыл Ақмола облысында жалпы көлемі 137,5 мың тонна картоп жиналды. Қазіргі уақытта шамамен 11,9 мың тонна картоп қалды. Оның ішінде өңірдің тұрақтандыру қорында 2,5 мың тоннаға жуық картоп бар, — дейді Ақмола облысының Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы Уәлихан Ескендіров.

Халықтың ашы жанайқайы мен наразылығы өңірдің әр аймағында туа бастағандықтан, құзырлы министрліктер мен жергілікті атқарушы органдар өңірлерге

тұрақтандыру қорындағы картопты төмен бағада сатуға шұғыл тапсырма берген. Өңірлік «Көкше» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы мұны қысқы уақытта бағаны тұрақтандыру мақсатында қолға алғанын жеткізді.

— 2024 жылғы желтоқсаннан бастап Ақмола облысында өңірлік тұрақтандыру қорының көкөніс өнімдерін бұғаттан шығару жұмыстары басталды. Бұл шара қыс-көктем мезгілінде картоп және басқа да әлеуметтік маңызы бар көкөністердің бағасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Көкөніс өнімдері қорларын бұғаттан шығару жұмыстары аясында былтырғы желтоқсаннан осы



Өңірдің әр аймағында картоп құнының 2-3 есеге дейін аспандауы Ақмола облысын да айналып өткен жоқ. Осыған дейін небәрі 180-200 теңгеден аспайтын картоп бағасы бірден 350-450 теңгеге дейін жетіп жығылған.

жылдың 18 қаңтарына дейін KOKSHE әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы өзіне қарасты сауда орындары және серіктестерінің сауда нүктелері арқылы 708 тонна картоп, 7 тонна сәбіз және 7,2 тонна қырыққабат сатты, — дейді KOKSHE әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының баспасөз хатшысы Айя Калыгина.

Корпорация ұсынған мәліметтерге жүгінсек, аймақта күрт қымбаттап кеткен картоп құнын тұрақтандыру мақсатында қазіргі уақытта «Агротрейд Көкше» компаниясының картобы «Скиф Трейд» ЖШС (Small) сауда желісінде келісі 125 теңге көлемінде бекітілген арнайы төмендетілген бағамен сатыла бастаған.

— Бұл тек осы сауда желісінде бағаның 55%-ға (бұрынғы бағасы келісіне 276



— Әрине, бағасы арзан болғандықтан әрі осындай дүрбелен тудырғаннан кейін әлеуметтік бағадағы картопта кезек орасан. Бірден талап алып кетеді. Күнделікті келетін көлемі жеткілікті деп айта алмаймын. Бір адамға 5 келіден артық берілмейді де екен әрі түсетін 3-4 қап картоп кімге жетеді? Түске дейін-ақ түгел таусылып қалады. Оған қол жеткізе алмайтын қатары көп, — дейді қала тұрғыны Айсулу Дүйсенова.

Бұл пікірмен сауда орындарындағылар да келісетіндіктерін жеткізді. Олардың айтуынша, әлеуметтік бағада жеткізілетін картоптың көлемі тым аз. Сондықтан түскі уақытта дейін-ақ «Орталық базарда» орналасқан коммуналдық сауда орындарындағы әлеуметтік бағамен саудаланатын картоп бірден таусылып қалады. Әрі бір адамға 5 келіден аспайтын көлемде беру жөнінде талап та қойылған.

— Біздің Kokshe Market желісіндегі көкөніс сатушыларға күн сайын әрқайсымызға 2-3 қаптан картоп әлеуметтік бағада жеткізіледі. Біз 90 теңгеден қабылдап алып, оған 15 теңге қосып, 105 теңгеден сатып жатырмыз. Әрине, құны арзан әлеуметтік бағада болғандықтан,

теңге болған) төмендеуіне мүмкіндік берді. Сонымен қатар Kokshe Market әлеуметтік сауда павильондарында картоптың келісі 105 теңгеден сатылуда. Бұл картопты «Зеренда Сақтау өнімдері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жеткізіліп және ол қаланың 11 сауда нүктесінде күн сайын сатылуда, — деп толықтырды А.Калыгина.

Жергілікті әкімдік пен әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы баға қалыпты әрі тұрақтандыру қорының картобы жеткілікті дегенімен, халықтың пікірі керісінше шықты. Тұрғындар жоғарыда аталған сауда орындарына түсетін әлеуметтік бағадағы картоптың құны арзан болғанымен, лезде таусылып қалатынын алға тартады.

Бұрын «көшенің аты — көкеме, ауылдың аты — әкеме» деген үрдіс қалыптасқан еді. Алайда уақыт өте бұл түсінік түзеліп, «белден басамын» дегендер бір тәртіпке келген. Десе де, қазір кеңестік кезеңнің кескініндей болып қалған атаулардан әлі арыла алмай келеміз.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Ресми мәліметке сүйенсек, Тараз қаласында 1 442 көше болса, оның ішінде тарихи тұлға және кісі есімімен — 604, жер-су атауымен — 155, дәстүрлі атаулармен — 294, орысша кісі есімімен — 186 және мағынасы ескірген атаулармен тұрған 203 көше бар екен.

Әрине, тәуелсіздік таны атқаннан кейін заман көшінде саяси мәні кетіп, құндылығы жоғалтқан көше атауларының біразы қазақшаланды. Бұл тұста көне шаһарға тарихи «Тараз» атауы да қайта оралғанын айта кеткен жөн. Бұдан бөлек, тау тұлғаларымыз тұғырына қонып, санамызда өтуге айналған арыстарымыздың есімі қайта жаңғырды. Десе де, кеңестік дәуірдің дүрмегінде болып кеткен орысша атаулардың әлі көше маңдайшаларында «мөрленіп» тұрғанын көріп іш қыжылады. Бұл мәселеге қатысты бұқара да өз базынасын жеткізуде.

— Мен Тараз қаласындағы Казак көшесінің тұрғынын. Алғаш көшіп келгенде «Казак» деген кім екен, халқымызға қандай еңбегі сінді? деген оймен интернеттен іздеп көрдім. Сөйтсем, сонау Ленинград қаласында туған, Кеңес одағының театр әртісі, кино, телевидение саласында еңбек еткен адам екен. Яғни, үш қайнаса да казакқа сорпасы қосылмайтын, біздің қалаға еш қатысы жоқ азамат.

«Тараз — тарихымыздың темір қазығы», «көне шаһар» дейміз. Алайда атымызға затымыз сай болмай тұрғаны ойланайды. Мен тұратын аймақта «Шусева», «Студенчская», «Перепелкина», «Клара Цеткин», «Дачная», «Караванная», «Козлова», «Памирская», «Ползунова», «Баженова», «Желтовская» деген сияқты көше атаулары бар. Ол адамдардың қазаққа сіндірген қандай еңбегі бар? Көше атауын беретіндей елімізге, облысқа, шаһарға не істеді? Беймәлім. Енді сол атауларды ауыстыратын уақыт әлдеқашан келді емес пе?! Мәселен, «Бірлік», «Шаңырақ», «Ерлік», «Ынтымақ», «Тағылым», «Алтын орда», «Ақ орда», «Алаш» немесе елдіктің туын көтерген қаһарман ерлеріміз бен тарихи тұлғаларымыздың есімімен алмастырсақ болады ғой.

КӨНЕ ШАҺАРДЫҢ КӨШЕЛЕРІ ҚАШАН ҚАЗАҚШАЛАНАДЫ?



«Казакова көшесі» дегенше, «Алаш» немесе «Ыбырайым Сүлейменов көшесі» десе қандай жарасымды.

Әрине, көшелерді қазақшалаймыз деп, бір атауды немесе тарихи тұлғаның есімін қайталай беруге әсте болмас. Алайда қазаққа қаншама тамаша атаулар мен қаһарман, есімі ел есінде қалған тұлғаларымыз бар. «Казак» мен «Шусев», «Перепелкина» болғанша, неге көше атаулары сондай қазақы ұғым мен нақышта тұрмаса? Бұл жастардың бойында патриоттық рухты оятып ғана қоймай, өткенге құрмет, тарихи тұлғаларға деген тағзым болар еді. Осыны Тараз қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, ономастика саласының мамандары ой елегінен өткізіп, ұлт пен ұрпаққа қалар ұтымды шешім қабылдайды деп сенемін, — дейді қала тұрғыны Гүлбақыт Берікқызы.

Иә, қала тұрғынының сөзі орынсыз дей алмаспыз. Осы орайда көше атауларының неге қазақшаланбай жатқанын білмек мақсатында құзырлы органның есігін қақтық.

— 2023 жылғы 17 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан — Адал азамат» атты отырысында берілген тапсырмасы бойынша «Тарихи тұлғалар», «Жер-су атаулары» және «Дәстүрлі атаулар» тізімін өзектендіру мақсатында ономастика комиссиясының жұмысы тоқтатылған



болатын. Алайда 2024 жылдың 24 қаңтарында республикалық ономастика комиссияның отырысында бекітілген Әдістемелік ұсынымдар, «Тарихи тұлғалар», «Жер-су атаулары» мен «Дәстүрлі атаулар» тізімі және жоғары атқарушы орган тарапынан әкімшілік-аумақтық бірліктер мен олардың құралдарына атау беру бойынша келісім алған жол картасын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізу тапсырылған.

Міне, осы жол картасын басшылыққа алып қаламыздағы жаңадан құрылған «Әулиеата» мен «Жібек жолы» екі ауданы, 1 атауы жоқ («Шалғай Карасу» алабындағы 1-көше — Қорқыт ата көшесі) және мағынасы ескірген 2 көшеге (Жилкооперация көшесі — Иманжүсіп Құтпанұлы көшесі, Фресно

көшесі — Шөкен Ниязбеков көшесі) атау беру мақсатында шаралар қолға алынды. Екі жаңа ауданға атау беру бойынша шешім шығып қойған болса, 3 көшеге атау беру туралы ұсыныс республикалық ономастика комиссиясының кезекті отырысында қаралатын болады.

Сонымен қатар бірінші кезекте Тараз қаласының аумағына қосылған елді мекендердегі көшелердің ішіндегі қайталанатын атауларды қайта атау, екінші кезекте мағынасы ескірген көшелерге атау беру жұмыстары жүргізіледі, — дейді Тараз қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бақыт Токсанбаева.

Жауапты маманның жаңылтпаштай болған жауабына ұққанымыз, Тараз

ұзынсонар кезек болады. Бір адамға 5 келіден ғана беру талабы бар. Лезде таусылып қалады. Әрине, 300-400 теңгеден алғанға қарағанда осында келіп алған әлдеқайда тиімді ғой. Бірақ шын мәнінде, бұл картоп халыққа жеткіліксіз. Бір сатушыға күніне 97-100 келіден ғана беріледі. Ол тым жеткіліксіз. Халықтың сұранысын қанағаттандыра алмайды, — дейді көкөніс сатушы Ұлдай Токсанбаева.

Өңірдегі картоп бағасының қымбаттауы жайын осы саланың жілігін шағып, майын ішкен фермерлерден де анықтап көрмек болдық. Картоп өндірумен оңдаған жыл бойы айналысқан жергілікті фермер Қайрат Жандаев мемлекеттің бағаға араласпағаны жөн деген пікірін жеткізді. Оның айтуынша, қазіргі уақытта елдің барлық аймағындағы тұрақтандыру қорлары нарықтағы тауарлардың бағасын реттеуге қауқарсыз.

Биыл еліміздің барлық аймағында картоп жақсы шыққанымен, егу кезіндегі су тасқынынан күзгі жыын-теріп кезінде түрлі ауруларға ұшырап, бүлініп, шіріп кеткені көп болды. Ресми статистика жоғары болғанымен, іс жүзінде биыл картоптың көлемі өте аз. Тұрақтандыру қорлары шамамен 500 тоннамен айналасында ғана сатып алады. Ол мүлде жеткіліксіз. Нарықтағы бағаны реттеу үшін бұл теңізге тамған тамшыдай ғана болып қалады. Сондықтан бағаны реттеу үшін жергілікті әкімдіктер әр көктемде кемінде 5-6 мың тоннадан әлеуметтік маңызды өнімдерді сатып алуы сол арқылы бағаны реттеуі қажет. Ол үшін арнайы тендер де жариялануға тиіс. Биыл бір жағынан Ресейдің шекараны жауып тастауынан, картоп тек Өзбекстан нарығына сатылды. Әрі делдалдар арқылы бағаның көтерілуіне жол беріліп отыр, — дейді Қайрат Жандаев.

Тәжірибелі фермер картоп бағасының алдағы уақытта бұдан да қымбаттауы мүмкін екенін айтады.

P.S.

Сонымен, қымбатшылықтың картопқа да жеткені халықтың шымбайына батып тұр. Құзырлы мемлекеттік органдар мен жергілікті әкімдіктер дереу арада тиісті шешім қабылдаса, алдағы уақытта кәдімгі картоп түсімізге енетіндей күн алыс емес сияқты...

қаласындағы жаңа екі ауданға атау беру мәселесі кезектен тыс қаралыпты. Ал қалған атауларға байланысты ономастика комиссиясы әлі бір байламға келмеген. Оның өзі Тараз қаласындағы үш көшенің ғана атауы өзгерілі тұр. Ал қалғаны «баяғы жартас — сол жартас» күйі қалмақ.

Біз қала көшелерін аралау барысында тағы бір қызыққа тап болдық. Атап айтсақ, Саңырық батыр ескерткішінің тақтасында тарихи тұлғаның есімі «Саңырық» деп анық жазылып тұрса, оның есімі берілген көшенің маңдайшасында «Саңырақ» деп таңбаланған. «Апам да аң-таң, мен де аң-тай» күйде «Саңырық па?» әлде «Саңырақ па?» соны білмекке мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қайта қайырылдық.

— Еліміздің егемендігі жарияланғаннан кейін 1992 жылы халық депутаттарының №224-ші шешімі бойынша бұрын Восточный аталған көше — Мамбет батыр, Энгельс атындағы көше — Өтеген батыр, XXV Партсъезд көшесі — Рысбек батырдың есімімен аталған болатын. Сол қатарда Спутников көшесіне ұлт мақтанышы Саңырық батырдың есімі берілген еді. Не себеп екенін білмедім, сол кезде «Саңырақ» деп жазылып кеткен екен. Біз қазір бұл олқылықты жою мақсатында тиісті жұмыстарды қолға алдық.

Кейде көшедегі тактайшаларды жаналауда жауаптылардың салғырттығынан қателікке жол беріліп жатады. Алдағы күндері Саңырық батыр көшесіндегі қате жазылған тактайшалардың барлығын алып, бір ізге түсіреміз, — деген бөлім басшысы Бақыт Тілегенқызы жылдар бойы шешілмеген мәселені «жақын күндері реттеймін» деп таңғалды. Бөлім басшысы шындығында шешімін таба ма, әлде құр уәде болып қала ма, оны уақыт көрсетеді.

Айтпақшы, қалада «Өзбекская», «Наманган», «Ташкентская» сынды өзге ел мен ұлтқа қатысты атау алған көшелер де аз емес. Енді ол көшелер қашан қазақшаланатын бір Алаға аян. Олай дейтініміз, көне шаһарда 186 көше орысша кісі есімімен, ал 203 көшенің атауы мағынасы жағынан ескіргені санасы саңсақ жүгіртуде.

Тағы бір мәселе, көше атауларын жазудағы ала-құдалықты тактайшыны жасаған адамның қиялына қарай бір жерде үлкен, бір жерде кішкентай әріптермен жазылып жүргенін де көріп жүрміз. Тіпті, түрлі түсті боялып, сан алуан оюмен өрнектелгендері де аз емес. Осының барлығын бір ретке келтіретін кез келді ғой. Тәуелсіздігіміздің 33 жылында экономикалық хәм әлеуметтік бағытқа басымдық берілді. Алайда рухани жағынан кенжелеп жатқанымыз жан ауырталды.

«Тілі жоғалған ұлттың, өзі де жоғалды» дейді Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы. Міне, осы ұлының сөзі ұрпаққа ұран болғаны абзал. Бұдан ел мен өңір тізгінін ұстаған басшылар да сабақ шығарса игі.

30 ҚАҢТАР 2025 | БЕЙСЕНБІ



Армысың, «Ақ кеме»!

Шыңғыс Айтматовтың әйгілі «Ақ кеме» повесі қазақ оқырманына етене таныс. Ал театр шығармадағы кейіпкер образын көрерменге жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді. Айтпағымыз, жақында осынау «Ақ кеме» туындысының сахналық үлгісі астаналық көрерменге ұсынылып, айрықша сезімге бөледі. Жастар театрының репертуарына енді қосылған «Ақ кеме» спектаклінің режиссері – Шыңғыс Жақыпбай. Ол аталмыш шығармаға басқаша көзқараспен, таңсық бағытпен келген.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Койылымды тамашалап отырып, ата мен немере арасындағы туыстық жібінің және ұрпақтар сабақтастығының тіні ешқашан үзілмейтініне сенесіз. Айдын көл бетіне қондырған ақ кемесін асау толқындар арманымен қайта әкелетініне сенген баланың кейпіне қарап, еріксіз іштей тілеулес боласыз. Бұл – осы оқиғаны сахналық үлгіге сәтті бейімдеген режиссер Шыңғыс Жақыпбайдың шығармашылығындағы тырнақалды туындысының бірі. «Ақ кеме» повесінің желісімен спектакль қойған театр некен-саяқ. Жеті жасар баланың арманы ақиқатқа айнала ма, әлде үміті үзіле ме? Спектакль осы сауалға жауап іздейді. Күн шықса дүрбісін қолға алып, көкжиекті көруге асығатын, кеш батса арманын айдын көлден күтетін баланың тағдыры әкені аңсауға, анасына деген сағышышқа толы. Бұл тақырыпты арқау етудегі мәні неде екенін білу үшін режиссерді әңгімеге тарттық. Ол театр көркем өнер екенін негізге ала отырып, кей сахналардың толықтырылғанын және қызықты сахналардың қосылғанын айтты.

– «Ақ кеме» – менің шығармашылығымдағы екінші қойылым. Бірінші рет «Шырақты» қойғаннан кейін Ш.Айтматовтың «Ақ кемесін» қойғым келді. Туындыны тағы да қайталап оқып, оқиғаны басқа қырынан көрдім. Бұл шығармада баланың арманы арқылы қоғамдағы мұңды да, қайғыны да көрсетуге тырыстық. Қойылым мен ойлағандай шықты, дегенмен бағасын көрермен



Жеті жасар баланың арманы ақиқатқа айнала ма, әлде үміті үзіле ме? Спектакль осы сауалға жауап іздейді. Күн шықса дүрбісін қолға алып, көкжиекті көруге асығатын, кеш батса арманын айдын көлден күтетін баланың тағдыры әкені аңсауға, анасына деген сағышышқа толы.



береді. Негізі, спектакльді баланың көзқарасымен көрсеткім келді. Көпшілік сұрауы мүмкін, неге ақ сахна? Бұл – баланың ішкі тазалығы, баланың арманы, көңілі. Иә, мойындау керек, «Ақ кемесін» сахналық үлгісі жазба нұсқасынан сәл өзгеріске ұшырады. Мысалы, бала арманы көп, арманы арқылы көрерменге сол кезде мектептің болмағанын көрсеткіміз келді. Осы сахнаны, одан кейін Сейдахметтің білім туралы айтқанын қостық. Бала мектепке барғысы келетінін айтқанда, Сейдахмет «Қандай мектепке барасын? Біз білімсіз адамбыз ғой. Мектеп болса, бәріміз барып оқымаймыз ба, жақсы өмір сүрмейміз бе? Ешкімге керек емес болып қалдық, бізді ешкім іздемейді» дейтін нюанс қостық, – деді Ш.Жақыпбай.



Повесте әр кейіпкердің қалыптасқан образы бар. Балаға жаны жақын, бірге ойнау үшін қорыққанынан тығылып келетін жас келін, Сейдахметтің әйелі Гүлжамал спектакльде толық ашылады. Бала мен жеңгені ойнаған сахнасы көбірек көрсетіледі. Режиссердің айтуынша, Сейдахметтің де толықтырылған сахнасы бар. Оның себебін көрерменге түсінікті болуымен, мазмұнды жеткізумен түсіндірді. Ал басты кейіпкердің бірі – бала. Асылбек Әйтіннің сомдауымен көрерменге жеткен әкесін сағынған бала бейнесі көптің көңілінде айрықша орынға ие болды. Айтпақшы, бұл – қойылымның екінші премьерасы болғандықтан, Асылбек актерлік қырын әлдеқайда шыңдап алғанын айтты.

– Ш.Айтматовтың бұл шығармасы өте ауыр. Кез келген актерге баланың ролін сомдау қиындық тудырады. Өйткені басқа образдарға актерлік қабілеті жеткенмен, баланың күйіне ену оңай емес. «Ақ кеме» баланың басынан кешкен оқиғасы туралы болғандықтан, спектакль тікелей баланың сахнадағы образына байланысты болды. Сондықтан кейіпкерді көрерменге түсіндірмес бұрын, алдымен өзін түсінуге тырыстым. Себебі ойнайтын рөлге актердің өзін сенбесе, көрермен де сенбейді. Екі айға жуық дайындық кезінде кішкентай дүниеден де үлкен арман күтетін баланың ішкі жанын толық түсіндім деп айта аламын. Әсіресе, «Ата, шынымен мектеп жоқ па? Мектепке қашан барамыз?» деген бір ауыз сөзі оның білімге деген құлшынысының қаншалықты екенін көрсетеді. Алғашқы премьерда актерлік қырымын аз болғанын байқадым, ал кеше өзіме сенімді түрде ролді алып шықтым. Нәтижесін көрдіміз, әр көрермен риза болғанына қуаныштымыз, – дейді Асылбек Әйтін.

Көркем әдебиет, классикалық туындының барлығы дерлік сахналық үлгіге сәйкес келеді. Бұл арқылы көрерменнің сана көкжиегін арттыруға ықпал етуге болады. Мәселен, «Ақ кемеді» Момын шалды кітаптан оқыған оқырман мен сахнада көрген көрермен ойын ұштастыра отырып, кейіпкерді жан-жақты қырынан көре алады. Мейірімді, еңбегі бағасыз Момын шалдың ролін алып шыққан Елдос Шайкенов режиссердің жұмысын жоғары бағалайтынын айтты.

– «Ақ кеме» көпшілік оқыған шығар деп ойлаймын. Сондықтан өздері елестеткен Момын шалдың образын шығара алдым ба, жоқ па білмеймін. Бірақ мен өз ойымда кейіпкерімді толық көрсеттім деп айта алмаймын. Неге? Біріншіден, жасымызда әжептәуір айырмашылық бар. Екіншіден, әлі жұмыс істейтін, режиссермен ақылдасып толықтыратын тұсы бар. «Ақ кеме» бір оқығаннан түсінікті болатын шығарма болса да, режиссер өзінің шеберлігін қосты: музыка, басқа шешім қосып, формасын өзгертуге тырысты. Бірқатар театрда қойылған «Ақ кемеден»

«ТЕМІРТАС»

РЕКВИЕМІ САХНАЛАНДЫ

«Алатау» дәстүрлі өнер театрында Біржан салдың шығармашылығынан сыр шертетін «Теміртас» реквиемі сахналанды. Қойылым сазды әуен мен әсем бидің тамаша үйлесімі табуымен ерекшеленеді. Премьерда Біржан салдың бүгінге жеткен өндері талғамы жоғары тыңдарманның құлақ құрышын қандырды.



«Теміртас» реквиемі Біржан салдың соңғы күндері мен шығармашылығының маңызды кезеңдерін бейнелейді. Біржан салдың шығармашылығы қазақ ән өренінің қазынасы санала, оның ішіндегі «Теміртас» әні сал-серісінің мәңгілік мұрасы. Осы арқылы Біржан салды тек ақындық және әншілік қырынан емес, адамдық болмысын да танып-білеміз.

– Дәстүрлі өнер театры болғандықтан дәстүрлі ән тыңдаймын деп ойлаған едім. Бірақ қойылым ойлағанымынан бөлек болды. Автор Бақыт Беделхан мен режиссер Фархат Молдағали «Теміртас» әні арқылы Біржан салдың өзі өмір сүрген кездегі қоғамға күйінішін, ренішін көрсетті. Оған бөлек, қазіргі қазақтың және әлемнің мәселесін жеткізген. Ол ойды, көріністі пластикадан көре аласыз деді. Қойылым көңілімінен шықты, – деді Сафуан Шәймерденов.

Жобадағы әрбір музыка ырғағы көркем би қимылдарымен ұштаса отырып, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Бұл күдіретті өнердің тереңдігін түйсіндірсе керек. Осы орайда қойылым айналасында қажырлы еңбек жасаған жандардың еңбегін елемей оту мүмкін емес.

Қойылым Біржан салдың шығармашылығына деген жаңа көзқарас қалыптастырады. Ал спектакль соның дағы көрерменнің үздіксіз қолдауы бірегей туындыға берілген баға екені анық.

«ҚЫЗЫЛ КІТАПТЫҢ» ЖАҢА ТОМЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҒАДЫ

«Қызыл кітаптың» бесінші басылымы жарық көреді. Оған Қазақстанда мекендейтін 217 жан-жануар еніп отыр. Бұл туралы Қазақстанның «Қызыл кітабының» жаңа нұсқасын дайындап жатқан Зоология институтының өкілдері мәлімдеді.



Осы жолы тізім жыртықш құстармен және қандаланың кейбір түрімен толықты. Сонымен қатар «Қызыл кітапқа» енгендердің қатарында ақбас құмай мен құмай құс бар. Оған қоса, қамыс мысығы, кара лашын және шаянның үш түрі ерекше қорғауға алынды. Осылайша, соңғы басылымға сирек кездесетін жан-жануардың 11 түрі кірді. Ғалымдар, әсіресе қамыс мысығының саны азайып кетті деп алаңдап отыр. Ал санының көбеюіне байланысты жан-жануардың 19 түрі тізімнен алынып тасталды. Олардың дені – жәндіктер. Оларға әзірге қауіп төніп тұрған жоқ.

– Оған қоса, біз өсімдіктер мен жан-жануарлардың қалай аталатыны туралы тізімді жанарттық. Өйткені біразы ескіріп кеткен. Қазір олай аталмайды. 59-ының атауын нақтыладық. Қазақ тілінде терминологиялық комиссия құрылып, жұмыс істеді. Айта кетсем, «Қызыл кітап» тек жойылып бара жатқан ан мен өсімдік және жәндіктердің тізімін жинақтап қана қоймайды, оған қоса құқықтық мәртебесі бар құжат саналады дейді, – Зоология институтының бас директоры Роман Ященко.

Кітап қазақ және орыс тілінде жазылған. Онда сирек кездесетін ан мен құстың, жан-жануардың мекендейтін қартасы көрсетіліп, айрықша қорғалады. «Қызыл кітапқа» жануар түрін енгізу немесе алып тастау Зоологиялық комиссияның құзыретінде. Бұл – бесінші басылым. Ол араға 16 жыл салып әзірленіп жатыр. Ғалымдардың пайымдауынша, жан-жануарларды қорғауда «Қызыл кітаптың» пайдасы зор. Мысалы, соңғы жылдары елімізде тоғай бұғысы, аркар мен қарқұйрықтың саны едәуір өскен. Айта кетейік, жаңа басылым келесі айда жарық көреді.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ерболжол БЕЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баһи ЖАНЖАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4551

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,